



ЕКІЖАҚТЫ КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Түрікменстанға барды. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook-те жазды.

«Қазақстан Президенті 2021 жылғы 6 тамызда Орталық Азия елдері басшыларының Консультативтік кездесуіне қатысады.

Сондай-ақ көршілес мемлекеттер басшыларымен екіжақты кездесулер жоспарланып отыр. Одан бөлек саммитке қатысушылар

ұлттық тауарлар көрмесін және Орталық Азия өнер шеберлерінің концертін тамашалайды», — деп жазды Б.Уәли.

Санымыз 19 миллионға жетті

«Шамамен 2021 жылдың I жартысында Қазақстан халқының саны 19 миллионға жетеді». Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің төрағасы Нұрболат Айдапкелов 2017 жылы демографиялық онлайн есептегішті іске қосып тұрып, бала туу және табиғи кему қарқынына құрылған статорганның осындай болжамын жария еткен. Амал нешік, болжам-жоспарды уақытынан бұрын әрі асыра орындай алмадық. 19 миллионының азамат тек биылғы жартыжылдық аяқталып қалғанда ғана өмірге келді.

Қуанышқа да себеп бар. Демографтардың дерегіне, Ұлы дала төсін мекендеген халқымыздың саны ешқашан осынша көлемде болып көрмегені. Ұлы Абай 24-ші сөзінде «Осы күнде...екі миллион казак бар» дейді. Сол кезде, 1897 жылы жүргізілген халық санағы бойынша Қазақстанды қоспағанда, бүкіл Ресей империясы шегінде тұратын казактардың жалпы саны 4 миллион 84 мың болған (Я.Володарский. Население России за 400 лет. ХУІ-ХХ начало вв. М. 1973, с. 111).

(Жалғасы 4-бетте)



Коронавирустан басқа да ауру бар

Коронавирусқа байланысты пандемия кезеңі басталғалы 1 жарым жылдан асып барады. Содан бері медицина саласындағы мамандар мен құйылған қаржының түгелі дерлік коронавируска қарсы бағытталғандай көрінеді. Ал бұл кезеңде басқа аурулар асқынып жатқан жоқ па? Осы сауал еріксіз туындайды. Себебі адам өміріне қауіп төндіріп тұрған бір ғана індет емес. Тақырыптың мән-жайына үңіліп көрсек.



ЖҮРЕК АУРУЛАРЫ КӨШІ БАСТАП ТҮР

Елімізде 2020 жылы барлығы 161 мыңнан астам адам қайтыс болған. Ал 2019 жылы, яғни коронавируска байланысты індет кезеңі басталмай тұрған уақытта 133 мыңнан астам адам көз жұмған. Екі жылдың арасында 28 мың айырмашылық жатыр. Бірақ былтыр қайтыс болғандардың саны

артқаны коронавируска байланысты деп айта аламыз ба? 2020 жылдың наурызынан бері елімізде коронавирустан 6,1 мың адам көз жұмған. Демек, былтыр тек вирустан емес, басқа да аурулардың себебінен бақиға аттанғандар көбейген. Салыстырып көрсек, елде адамдардың басым бөлігі соңғы 20 жылдан бері қалыптасқан жағдай бойынша, жүрек-қан тамырлары

ауруынан қайтыс болады. Мәселен, былтыр жүрек-қан тамырлары ауруларынан 72 694 адам, 2019 жылы 66 550 адам көз жұмған. Бұдан кейінгі орында тыныс алу жүйелерінің аурулары тұр. Өкпе аурулары, тұмау, туберкулез, жедел респираторлық инфекциялар мен пневмонияны қосқанда, былтыр 33,7 мың адам, 2019 жылы 21 мыңнан астам адам дүниеден оздытты. Ал бұдан кейінгі орында жыл сайын 14 мыңнан аса азаматтың өмірін жалмайтын қатерлі ісік дерті тұр. Айтпақшы, жазатайым жаракат пен уланудан қайтыс болатын адам саны коронавирустан да асып отыр. Былтыр мұндай жазатайым 12 мың өлім тіркелген. Дегенмен біз коронавирустың залалын жоққа шығармаймыз. Тек осы вирустан өзге де аурулардың ықпалы артып жатқанын жеткізгіміз келеді.

(Жалғасы 6-бетте)

Салмақ тағы дәрігерлерге түсті

Вирус өршіген сайын дәрігерлердің жұмысы да қиындап барады. Реанимациялық төсектер бос емес. Сондықтан коронавирус жұқтырған науқастар санының артуына байланысты көптеген салалық аурухана ковидте емдеуге көшті. Ал ковидтен басқа дертке шалдыққандар емнен қағылып жатыр. Сөйтіп, екі ортада дәрігерлерді айыптап жатыр.

6 ►►



ӘКІМДЕРДІҢ ЕСЕБІН ТЫҢДАДЫ

Мемлекет басшысы Алматы облысы мен Алматы қаласы әкімдерінің есебін тыңдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.


Президентке Алматы облысының биылғы бірінші жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде телефон арқылы баяндалды.

Амандық Баталовтың айтуынша, негізгі салалардың барлығында өсім қамтамасыз етіліп, қысқ мерзімді экономика көрсеткіші 109,4 пайыз болған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа аймақтағы эпидемиологиялық жағдай туралы мәлімет берілді. Облыс әкімі соңғы апта ішінде коронавирус індетін жұқтырғандардың саны 1 пайыздан аспағанын жеткізді.

Мемлекет басшысы сонымен қатар тұрғындарды ауысумен қамтамасыз ету туралы мәлімет алды. Әкім облыста орталықтанған сумен қамту 98,3 пайыз болғанын және бұл еліміз бойынша ең жоғары көрсеткіштердің бірі екенін айтты.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевпен шаһардағы коронавирус індетінің таралуына қарсы атқарылып жатқан шаралар мен қаланың инфра-



құрылымын дамыту мәселелерін телефон арқылы талқылады.

Бақытжан Сағынтаевтың айтуынша, «дельта» штаммының таралуына байланысты Алматы қаласындағы эпидемиологиялық жағдай күрделі болып тұр. Өткен аптада індет жұқтыру 1,4 есе артып, 7 936-дан 10 805-ке жеткен. Бір тәулікте вирус жұқтыру 1,4 пайызға көбейген. Соңғы тәулікте жанадан 1 558 наукас тіркелсе, олардың 1 480-інде індеттің белгілері бар.

Тұрғындарға жаппай екпе салу жалғасып жатыр. Қалада 4 тамыздағы жағдай бойынша 740 487 адамға екпенің бірінші компоненті, 545 954 тұрғынға екінші компоненті салынған.

Мемлекет басшысы Алматы қаласының әкіміне коронавирус індетінің таралуына жол бермеу бойынша жұмысты күшейтуді және шектеу шараларының сақталуын қатаң бақылауға алу жөнінде тапсырма берді.

Үмітсізнесиеден үміт бар ма?

Еліміздің заңы бойынша кезекті төлем уақытынан төленбегеніне 90 күннен асып кеткен несие проблемалық борыш болып саналады. Осы уақыттан соң банк оны коллекторларға жолдайды. Ал коллекторлар оны түрлі заңды жолдармен қайтаруға кіріседі. Ендеше, жұрт несиеден неге төлемейді? Ақшасы жоқ па, о бастан жоспары сондай болған ба, мүмкін пандемияның әсері бар болар? Таяуда Ұлттық банк жасаған кезекті антирейтингтен бұл проблеманың ауқымын көруге болатын сияқты.

БОРЫШ – 800 МЛРД ТЕНГЕ

Ұлттық банк төлеу уақыты өтіп кеткен несие бар банктердің кезекті антирейтингін жариялады. Яғни, клиенттері несиеден қайтармағанына 90 күннен асқан банктердің көшін бастап Jusan Bank тұр. I шілдедегі мәлімет бойынша, олардың жеке тұлғалардан алашақ қарызы – 76 млрд тенге. Бұл осындай жалпы несиенің 17,3%-ы. Екінші орында «Еуразиялық Банк» 59 млрд тенге, яғни 8,8%. Үшінші орында «Нұрбанк» – 19 млрд тенге (8,6%), төртінші орында Bank RBK – 44 млрд (8,1%). Бас қаржы регуляторы жариялаған құжатқа сәйкес, I шілдедегі жағдай бойынша барлық қазақстандық банктердің үмітсіз несиесінің үлесі барлық несиеден 4,8%-ы немесе 800 млрд тенге.



Әйтсе де, бұл көрсеткіш осының алдындағы айлармен салыстырғанда мұндағы қарыздың біраз азайғанын көрсетеді. Мәселен, I сәуір күнгі мәліметтер бойынша,

борыш сомасы 1,12 триллион тенге болған болатын. Ол тізімде де Jusan Bank көш басындағы үштікте болған еді.

(Жалғасы 5-бетте)

8 әуекомпаниясының жұмысы неге тоқтады?



Еліміздің азаматтық авиациясы пандемияға байланысты карантин шектеулері салдарынан 326 миллиард теңге жоғалтқан. Ал Бас санитар дәрігердің әуекомпаниялар мен әуежай қызметкерлерінен, жүргіншілерден COVID-19-ға байланысты ПТР-тест анықтамасын сұрату және ұшақ салонында жолаушыларды шахмат төртібімен араларына бос орын тастап отырғызу талаптары жолақы билеттерін қымбаттатып қана қоймай, сонымен бірге ұшу қауіпсіздігіне де кері әсер етті.

4 ►►

Көрмесең сенбейсің, антиваксер, неге келмейсің?

Қарағанды облысы «қызыл аймақта». Сонда да той тойлаған халық. Антиваксерлер де тыйылар емес. Әлеуметтік желіде жалған ақпарат таратқандардың саны көп. Өз көзімізбен көрмей сенбейтін халықпыз. Сондықтан жұрт білсін деп бір топ журналист Қарағанды қаласындағы Мақажанов атындағы клиникаға барып, жағдаймен танысып қайтық. Ал арнайы жағдайды көрсін деп шақырылған, жалған ақпарат таратушы – вакцинаға қарсылар төбе көрсетпеді.

7 ►►



Тағы да 10 елде тегін оқуға болады

Қазақстандық жастар тегін оқи алатын елдердің саны артты. Олар дарынды жастарымызды өзіне тартып жатыр. Қазақстан азаматтарына енді гранттарды Словакия, Әзербайжан және Вьетнам елдері бөлуге кірісті. Осылайша, егер 2019 жылы білім беру саласындағы келісімдер аясында мемлекеттер тізімінде 7 ел болса, 2021 жылы олардың саны 10-ға жетті.



Олардың қатарында Венгрия, Польша, КХР, Украина, Беларусь, Қырғыз Республикасы және Тәжікстан бар. Өткен екі жылда 1 мыңға жуық қазақстандық осы елдердің жетекші жоғары оқу орындарында тегін білім алды. Биыл 500-ге жуық грант бөлінді. Үкіметаралық гранттар аясында қазақстандықтар бакалавриат, магистратура, докторантура, резидентура бағдарламаларымен оқи алады.

«Жоғары білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық кадрлық әлеуетке оңды әсер етеді. Отандық ЖОО-ларда білім беру процесінің сапасын күшейтумен қатар, азамат-

тарымыздың әлемнің жетекші университеттерінде білім алуына жағдай жасау қажет. «Болашақ» бойынша ғана емес, үкіметаралық келісімдер шеңберінде де қазақстандықтарды тегін оқыту үшін елдер географиясын кеңейтіп жатырмыз. Елге оралғаннан кейін мамандар білімдерін өзі еңбек ететін саланы дамыту үшін қолданады деп үміттенеміз», — деді Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ерғалиев.

2019 жылмен салыстырғанда

конкурстық іріктеуге қатысуға ниет білдіргендер саны 15%-ға өсті. Үміткерлерді іріктеуді депутаттар, сарапшылар, инженерлік-техникалық, медициналық, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының ғалым-докторларынан тұратын тәуелсіз комиссия жүргізеді. Үкіметаралық келісімдердің операторы — БҒМ Халықаралық бағдарламалар орталығы.

Ерік ЕРДЕНОВ

Карантинде кәсіпкерден пара алған



Таразда әкімдіктің қызметкерлері карантин кезінде талапты босаңсытып, жұмыс істеуіне жол ашу және карантин режимін бұзу фактісі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартпау үшін кәсіпкерден пара алған. Бұл қылмысты антикоррупциялық орган қызметкерлері әшкереледі. Ал Тараз қаласының №2 соты Тараз әкімдігінің биік лауазымды әкшенеуніктерін тек айыппұлмен жазалады.

Елдос СЕНБАЙ

Петропавлда педофилдер көбейді

СҚО орталығында бір апта ішінде балигатқа толмаған балаларға жыныстық зорлық көрсеткен деген күдікпен 3 адам ұсталды. 4 тамыз күні түнгі 22.00 шамасында криминалды полиция қызметкерлері жас қыз балаға сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерін жасады деген күдікпен облыс орталығының тұрғынын ұстады.

Ер адам қалалық Полиция басқармасының уақытша ұстау изоляторына қамалды. Аталған факті Қылмыстық кодекстің 121-бабының 4-бөлігі (Жас балаға қатысты жасалған сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері) бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің біріншісі тізіліміне енгізілді.



Ерік ЕРДЕНОВ

Бұған дейін осы апта ішінде Петропавл қаласында жас балаларға жасалған тағы екі қылмыс тіркелді. Екеуінде де күдіктілер ізі суымай ұсталды. Қазір істің барлық мән-жайын толық әрі жан-жақты, объективті зерделеуге бағытталған қажетті тергеу әрекеттері жүргізіліп жатыр. Нәтижесі бойынша процессуалдық шешім қабылданады. Бұл қылмыстардың тергелуі СҚО Полиция департаментінің және облыс прокуратурасы басшылығының ерекше бақылауында. Әр іс бойынша процессуалдық прокурор бекітілді. Өзге ақпарат сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етуге жол бермеу мақсатында айтылмады.

Тойшыларды дрон әшкереледі

Мониторинг топтары тойханалар мен мейрамханаларды түнгі уақытта аралайтыны мәлім. Өйткені дәл осы мезгілде той қызады. Түркістан облысының Сайрам ауданындағы Қарабұлақ округінің тұрғындары қыз ұзату тойын таңғы сағат 7-де өткізген.


жайылып, енді басталып жатқан тойды тоқтатты. Үйлену тойына қонақтар толық келіп үлгермеді, той иесі оларға хабарласып, тойханаға келмеуді айтуға мәжбүр болды. Заң талаптары бойынша, тойхана иесі мен тойхана әкімшісіне қатысты Әкімшілік кодекстің 425-бабы (Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық

салауаттылығы саласындағы заңнама талаптарын, сондай-ақ гигиеналық нормативтерді бұзу) бойынша іс-құжаттар жинақталды. Занды шара қабылдануы үшін құжаттар тиісті басқармаға жолданады.

Елдос СЕНБАЙ

Ауыл тұрғыны тойға қонақтарды шақырып, жеке үйінің ауласында дастарқан жайған. Елді мекен аумағын дрон ұшырып бақылаған мобильді топ үй ауласында жиналған қарақұрым халықты байқап, оқиға орнына жетеді. Аудан әкімдігінің мәліметінше, той иесі қыз ұзатуға 150 қонақты шақырды. Бірақ оларды тексерушілер таратып жіберді. Карантин шараларын бұзғаны үшін қыздың әкесіне қонақты айыппұл төлеп, қосымша шығындалуға тура келмек.

Осы күні Арыс қаласында кешкі уақытта құрамында полиция қызметкерлері бар мобильді топ тойханалардың бірінде 150 адамға дастарқан



Автокөліктерді тіркеу тоқтатылған



Қазақстанда күніне 2 мыңдай автокөлік тіркеледі. Осыдан-ақ «автоқондарға» түсетін жүктемені бағамдауға болады. Алайда азаматтар бірер күннен бері жаңа көліктерді тіркей алмай, тығырыққа тірелді. «Азаматтарға арналған Үкімет» мемкорпорациясының түсіндіруінше, бұған техникалық ақау себеп болыпты.

Ведомствонның түсіндіруінше, 2021 жылғы 5 тамызда кеден ақпараттық жүйесінде туындаған ақауға байланысты елдегі мамандандырылған ХҚКО-ларда жана автомобильдерді тіркеу уақытша тоқтатылды. Есепке қою кезінде автоХҚКО операторлары жана көлік құралдарының тіркеуін жүргізе алмаған: кеденнің

деректер базасындағы ақау салдарынан мемлекеттік орган өтініштерді кері қайтарып жатыр.

«Ақауға байланысты жана көлік құралдарын есепке қою қызметі қолжетімсіз. Бұл азаматтардың тікелей автосалондардан сатып алатын жана көліктерге қатысты. Жауапты орган

ақпараттық жүйені қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Келтірілген қолайсыздықтар үшін азаматтардан кешірім сұраймыз», — деді «Азаматтарға арналған Үкімет» мемкорпорациясының сервис жөніндегі басқарушы директоры Бактияр Мұхаметқалиев.

Жүйенің қалпына келгені және жана автокөліктерді тіркеу қызметінің жандануы туралы клиенттерге қосымша хабарланатын болады.

Айхан ШӘРІП

«Қызылдар» қоғамдық орындарға жиі барады



Коронавирус жұқтырғандар халық көп жиналатын жерлерге еніп кетуге тырысады, оларды Ashyq тоқтатқан. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының орынбасары Юлия Якупова мәліметінше, «қызыл» мәртебесі бар карантиндегілердің қоғамдық орындарға кіруге талаптану саны рекордтық межеге жетіп, тәулігіне шамамен 2 мыңға дейін өскен.

Ұлттық палата өкілі Ashyq бағдарламасына қосылған бизнес нысандарының саны 4 есе артып,

88 570-ті құрағанын хабарлады. Карантинде оқшаулану талаптарын бұзушылардың көптеп та-

былуына да бағдарлама қатысушылары қатарының кенейуі ықпал етсе керек.

«Ірі сауда нысандары бағдарламаға неғұрлым көп қосылған сайын бұзушыларды әшкерелеу саны да соғұрлым өскен. Бір ай ішінде «қызыл» мәртебесі барлардың карантин талаптарын бұзу саны күніне 184-тен 1 916-ға дейін ұлғайды», — деді Юлия Якупова.

Оның мәліметінше, бұған дейін жоба негізінен қоғамдық тамақтандыру орындарын қамтыса, енді сауда кәсіпорындарының үлесі артқан. 700-ден астам ірі сауда орны мен жабық базар Ashyq қатысушысы атанды.

«Егер әрбір сауда ойын-сауық орталығында орта есеппен 300 арендатор бар десек, әрине одан есе көп болуы да мүмкін, онда жоба 200 мыңнан астам сауда объектісін қамтып отыр деуге болады», — деді ұлттық палата басшысының орынбасары.

А.ШӘРІП

Санитарлық талаптың сақталу деңгейі қаралды



«Nur Otan» партиясының жанынан құрылған Ұлт денсаулығы мәселелері жөніндегі аймақтық қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті. Құн тәртібінде Тараз қаласы мен аудандардағы эпидемиологиялық ахуалдың қазіргі жағдайы, санитарлық талаптың сақталу деңгейі қаралды.

Жиында алдымен Тараз қаласы әкімінің орынбасары Д.Әбілхайырұлының есебі тыңдалды. Оның айтуынша, жыл басынан бері қалада індет жұқтырудың 6 950 жағдайы тіркелген. Өткен тәуліктің өзінде 91 адам инфекция жұқтырған.

Жалпы, қала әкімдігі жанынан құрылған мониторинг тобы жүргізген рейд жұмысы барысында жыл басынан 328 әкімшілік құ-

қыбузушылық туралы хаттама толтырылса, 21 жеке кәсіпкерлік нысанын жабу туралы сот шешімі шығарылған. Алайда сот шешімінде «ғимарат жұмысын тоқтату» тармағы көрсетілмегендіктен, кәсіпкерлер жұмыстарын жалғастырып жатыр.

Спикердің сөзінше, КВИ-дің күрт өршуіне тыйымдай тұрған тойлар, адамдар көп шоғырланатын іс-шаралар және санитарлық

режимнің сақталмауы себеп болып отыр. Мониторинг топ мүшелері бір күннің өзінде 25 тойды тоқтатқан. Сондай-ақ қоғамдық көліктерде тұрғындардың бетперде режимін сақтамау фактісі жиі кездеседі.

Бұдан бөлек, кеңес отырысында Шу және Қордай ауданы әкімдері орынбасарларының баяндамасы тыңдалып, елді мекендердегі індеттің өршу деңгейі сараланды. Жиын барысында рейд жұмысын күшейту, халыққа екеннің тиімділігін түсіндіру бойынша насихат жүргізу керектігі айтылды. Кеңес отырысы соңында бірқатар ұсыным қабылданып, көтерілген мәселе бақылауға алынды.

3 кітапхана қайта құрылады



«Nur Otan» партиясының Алматы қалалық филиалы жанындағы Экономиканы дамыту және кәсіпкерлікті қолдау ақпараттық технологияларды және креативті индустрияны дамыту жөніндегі мәслихаттың тұрақты комиссиясының бірінші отырысы өтті.

Отырыс барысында партияның Алматы қаласы бойынша сайлауалды бағдарламасы Жол картасының орындалуы талқыланды. Оның іске асуы нұротандықтардың жіті бақылауына алынған.

Өз кезегінде Алматы қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев Жол картасының 8-тармағы: «қаланың барлық аудандарында мәдени

инфрақұрылым және креативті жобаларды қолдау ретінде креативті хабтар құру», 10-тармағы: «кітапханаларды шығармашылық даму орталықтарына айналдыру арқылы тегін шығармашылық үйірмелер мен коворкинг орталықтар санын арттыру» мәселелері бойынша баяндама жасалды. Басқарма басшысы ALATAU CREATIVE HUB орталығы балаларға

арналған 25 тегін шығармашылық үйірме, коворкинг кеңістіктер және шеберлік сабақтарына арналған аландармен жабдықталғанын айтты. Сондай-ақ биыл жалпы ауданы 4 408,2 шаршы метрлі құрайтын 3 қалалық кітапхана қайта құрылымдалатынын жеткізді.

Сонымен қатар Алматы қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі Бекнұр Қисықов аталмыш тармақтар бойынша қоғамдық сараптама жүргізіп, баяндама жасады. Нәтижесінде, кеңес мүшелері шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, кітапханаларды модернизациялау және креативті хабтар ашу бойынша бірқатар ұсыным енгізді. Атап айтқанда, Нұб алаңында коммерциялық қызметтерді жүргізу, шағын және орта бизнеспен байланыстыру және туристік нысандарға айналыру бойынша ұсыным жасалды.

— Бизнес саласының өкілі ретінде айтатын болсам, Нұб өзігіннен ақша табу керек және осы арқылы мемлекеттің бюджетін үнемдейтін боламыз. Бұл тұрғыда заңнамалық құжаттарға өзгеріс енгізу сұрақтарын қарастыру керек, — деді филиал жанындағы Экономиканы дамыту және кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы Қайрат Құдайбергелі.

Азаматтарды онлайн форматта қабылдады

«Nur Otan» партиясының Маңғыстау облыстық филиалында облыстық мәслихат депутаты Людмила Меңдіғалиева тұрғындарды онлайн форматта қабылдады.

Қоғамдық қабылдауға бес азамат жазылды. Азаматтардың үшеуі — тұрақты жұмыс іздеушілер. Алғашқылардың бірі болып қабылдауға жазылған жалғызбасты ана А.Байбатырова «Өзен-Мұнай-Газ»-ға штаттық жұмысқа орналасқысы келетінін айтып, көмек сұрады. Ал көпбалалы әке М.Нарджанов 2014 жылдан бері 35-шағынаудандағы оралмандар үйінде тұратынын, ай сайын алатын жалқысының 80 000 теңгеден аспайтын тілге тиек етті. Сонымен қатар жеке басында тұрақты баспана болмағандықтан, тұрып жатқан үйінің уақытын 2 жылға созырып беруді сұрады.

Қоғамдық қабылдауға қатысқан үш азамат жекеменшік мек-



тепке кіші қызметкер және ағылшын тілі пәні мұғалімі қызметіне орналастырылды. Ал қандастар орталығында тұратын М.Нарджановта нақты келісімшарттың жоқ екені анықталды. Түрікменстаннан 2014 жылы келген азаматтың баспана кезегінде

көпбалалы отбасы ретінде тұрғаны да белгілі болды. Ол қандастар орталығын босатуға ешқандай жазбаша түрде хабарлама алмаған. Сондықтан оған бұл мәселе бойынша жазбаша хат жіберуге кеңес берілді.

Қайырымдылық акциясына қатысты

Ақмола облысында ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «30 игі іс» ұранымен әлеуметтік және қайырымдылық іс-шаралар легі жалғасып жатыр. Аталған акцияға Ақмола облыстық «Nur Otan» партиясының аудандық филиалдары, депутаттар белсене қатысуда.



Наукан аясында жалғызбасты зейнеткер мен ардагерлерге, көпбалалы және мұқтаж отбасыларға, сондай-ақ өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарға қолдау білдіріп, көмек көрсетілді. Мәселен, Жақсы ауданындағы «Жаксы» бастауыш партия ұйы-

мының мүшелері жалғыз тұратын зейнеткер В.Пасканьяның ауласын жинауға көмектесті.

Ал Целиноград ауданындағы ауылшаруашылық өндіріс кәсіпорындары аудандық емханаға 10 жылжымалы тоназытқыш сатып алуға демеушілік көрсетті. Автоко-

лік тоназытқыштары +2 °C, +8 °C -ден -20 °C-ге дейінгі температураға дейін реттелетін режимде жұмыс істейді. Тоназытқыштар Софиевка, Жанаесіл, Қабанбай, Родина, Жалғыздық, Талапкер, Арайлы ауылдарының дәрігерлік амбулаторияларына жөнелтілді. Эпидемиологиялық жағдайды ескеретін болсақ, бұл — пайдалы көмек. Бүгінде тоназытқыштар вакцина тасымалдауға қолданылып жатыр.

Степногор қаласындағы «Казхалтын Technology» серіктестігінің «Казакалтын» ГМК алғашқы партиялық ұйымы қалада және Ақсу мен Бестөбе кенттерінде балалар аландарын орнатты. Аталған тау-кен кәсіпорны көпбалалы және аз қамтылған отбасыларына тұрақты түрде қайырымдылық көмек көрсетіп тұрады. Ал коронавирус инфекциясы таралған пандемия кезінде костюмдер, жеке қорғаныш құралдары мен тонометрлер сатып алуға көмектесті.

Дайындаған Әбілмансұр ЖАСАН

«Nur Otan» партиясы Орталық аппараты кинорежиссер, актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты, Кинематографтар кеңесінің мүшесі, «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің мүшесі Рүстем Жарасқанұлы Әбдірашевке анасы **Нәзігул Нұрғалиқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ауыл әкімдері сайлауы-2021

Жас әкімнің мақсаты мол

Елімізде тағы бір сайлау мәресіне жетіп, «су жаңа» ауыл әкімдері қызметіне кірісті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бастамасымен жүзеге асырылған бұл саяси додада халық өз әкімін өзі таңдау мүмкіндігіне ие болды. Халық сайлаған, сенімдерін арқалаған әкімдер 4 жылға лауазым иеленіп, артылған ауыр жүкті мойнымен көтермек. Біз де биліктің тұтқасын қолына ұстап, ел басқару ісіне араласқан жас әкімдердің бірін әңгімеге тарттық.

Ақмола облысы Ерейментау ауданы Сілеті ауылының тізгіні бұл сайлауда Бекболат Махшардың еншісіне тиді. Жас әкім өзі туып-өскен ауылына барынша адал қызмет етпек ниетте. Бойда қуат бар. Ал көкірегі ауылды гүлдендіру мақсатындағы түрлі тын идеяларға толы жігіттің жоспары да мықты. Қолына қамшы жаңа тисе де ауыл ақсақалдарының ақ батасын алып, жиын өткізіп үлгерген Бекболат өз ауылының болашағы жарқын болатынына сенімді.

«Өзім осы Сілетіде өсіп-өнім. Негізі, Моңғолиядан 1992 жылы туған елге алғашқылардың бірі болып көшіп келгенбіз. Біз тұрған Сілеті ауылы кезінде іргелі аудан орталығы болған. Таратып жіберген соң тоз-тозы шығып, бұрынғы еңселі ғимараттар бұзылған. Ауылда қазір жұмыс істеп тұрған екі-ақ нысан бар. Бірі — ауылдағы орта мектеп, екіншісі — психикалық аурухана. Яғни, ауылда жұмыссыздық белең алған. Негізінен халықтың басым көлігі қорадағы бес-алты сиыры мен қой-ешкісіне қарап қалған. 1 000-ға жуық адам

тұратын ауылдың негізгі кәсібі — қоралағы малы. Мен осы қатып қалған стереотипті бұзып, жұрттың кәсіп ашып, туризммен айналысып, елдің де, өзінің де жағдайын түзеуіне барынша жол ашқым келеді. Бағдарламада да осыларға барынша назар аудардым», — дейді Бекболат Махшар.

Ауылдың ертенгі болашағын жас әкім туризммен және басқа да жаңа кәсіп түрлерінің ашылуымен елестетеді. Әсіресе, ауылдың географиялық орналасқан жерін орынмен пайдаланып, туризмді дамытуды бағдарламасының басты тетігінің біріне айналдырмақ. Осы орайда Сілеті су қоймасының әлеуетін пайдалану, ауыл маңындағы тарихи ескерткіштер мен орындарға туристердің қызығушылығын арттыру арқылы елдің еншесін көтеру де ойында бар. Дегенмен алғашқы кезекте ауылдың инфрақұрылымын жақсарту, ауылдастарының таза су ішуіне мүмкіндік туғызуға барын салмақ. Сонымен бірге ауылдан шыққан елдің ұландарынан да қолдау күтетінін жасырмады.



«Мамандығым география пәнінің мұғалімі. Осы туған ауылда балаларға сабақ бердім. Ауылдың тұрған жері туризмді дамытып, кәсіп ашуға сұранып тұрғанын жақсы білемін. Сондықтан өз бойымдағы тың идеяларды жүзеге асыру үшін ауыл әкімі сайлауына түсуге бел байладым. Ең бастысы, ауылдың гүлденгенін көзіммен көргім келеді. Әрине, алғашқы кезекте ауылдағы қордаланған жол, жарық, ауызсу сияқты мәселелерді шешу қажет. Ауызсуудың сапасы нашар. Іше алмай отырмыз. Құжаттармен, ауылда жүргізілуі тиіс жобалармен танысып шықтым. Елді біріктіріп кәсіп ашқысы

келетіндерді қолдамақпын. Мәселен, Сілеті көлінің жағасынан жер телімін бөліп жағамай ақса, демалыс лагерін ұйымдастырса, шаңғы тебетін арнайы орын әзірлесек деген жоспарым бар. Бұл үшін аудандық және облыстық депутаттармен де сөйлестім. Олар қолдап отыр. Сілетіде шаңғы тебу базасын салу 2023 жылғы «Жол картасы» жобасына кіріпті. Сілетіде балық көп. Өкінішке қарай, көп балық браконьерлердің оңай олжасына айналып тұр. Содан кәсіп ашып, балық өңдеу цехын ашсақ деген ой бар. Әрине, мұның бәрі әзірге тек ойымда тұр. Іс жүзінде жүзеге асыру үшін елдің қолдауы керек. Сол үшін елді біріктіріп, шеттегі азаматтардан да туған ауылына назар аударуды сұрап отырмын. Көпшілігі қолдап, ауылға инвестициялық қаржылай қолдауын қазірден бастап жинай бастады», — дейді Бекболат Махшар.

Жастықтың быумен жігерін жаныған жігіт елдегі малмен ғана күнкөріс ететін ауылдастарының қасаң қағидасын бұзбақ ниетте. Ол үшін ауыл жастарын егін егу, туристік нысандар ашу сияқты кәсіппен сүрлеуге жол салдырғысы келеді. Осы орайда ауылдағы кәсіпкерлердің де қолдауын сұрамақ. Сондай-ақ ауыл маңында өзіне етене таныс тарихи орындарды туристерді тартатын етіп ыңғайлауды мақсат еткен.



«Ауылда әдемі жерлермен қатар туристер қатты қызығатын тарихи орындар баршылық. Оны мектепте сабақ берген кезде балаларға да көрсетіп, арнайы белгілері бар табиғатқа ілгенбіз. Бірақ дәл қазір келетін жұрт олардың қайда екенін таба алмауы мүмкін. Сондықтан 2gis қосымшасы арқылы осы тарихи және туристік орындарымызды картаға түсіруді де жоспарлап отырмын. Алдағы төрт жылда осы жоспарымды жүзеге асырсақ деген мақсат әрі перзенттік арман бар», — дейді Бекболат Махшар.

Жас әкім елдегі ауыл әкімдерінің сайлау арқылы келуін де жөн санайтынын айтты.

«Әрине, демократиялық қоғамға бет бұрған елімізде ауыл әкімдерінің бұрынғыдай тағайын-

далмай сайлау арқылы лауазым иеленуі өте құптарлық бастама. Мәселен, өз ауылымды алсам әкім сайлауына 4 адам түстік. Халық бәріміздің бағдарламымызбен толықтай танысып, танертеннен бастап белсенді түрде өз дауыстарын берді. Жұырда 27 шілде күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен кездестік. Кездесуде бұл бастаманың дұрыс бастама екенін айттым. Өйткені халық сайлағандықтан, сол халықтың үмітін арқалағандықтан жауапкершілік жүгі ауырлайды екен», — дейді Сілеті әкімі.

Өз ауылының туын ұстаған жас әкімнің алдағы ісіне біз де сәттілік тіледік.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

8 әуекомпаниясының жұмысы неге тоқтады?



Еліміздің азаматтық авиациясы пандемияға байланысты карантин шектеулері салдарынан 326 миллиард теңге жоғалтқан. Ал Бас санитар дәрігердің әуекомпаниялар мен әуежай қызметкерлерінен, жүргіншілерден COVID-19-ға байланысты ПТР-тест анықтамасын сұрату және ұшақ салондарында жолаушыларды шахмат тәртібімен араларына бос орын тастап отырғызу талаптары жолақы билеттерін қымбаттатып қана қоймай, сонымен бірге ұшу қауіпсіздігіне де кері әсер етіпті.

Дәулет АСАУ

2020 жылы отандық әуекомпаниялар 5,5 млн жолаушыны тасымалдаған, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 36%-ға кем. Статистикалық көрсеткіштердің кемуіне коронавирус індетіне байланысты ұшу жиілігінің қысқартылуы мен кей бағыттарда мүлдем тоқтатылуы әсер етті. Алайда Қазақстан авиациялық әкімшілігінің бас директоры Питер Гриффиттің айтуынша, қазір Қазақстан авиациясы бұрынғы толқканды жұмыс режиміне қайтып келе жатқан көрінеді. Бүгінде еліміздің авиациялық әкімшілігінде 150 адам еңбек етеді. Барлық қызметкер ИКАО халықаралық стандартына сәйкес біліктілігін жетілдірген.

«Авиация саласының толыққанды жұмыс режиміне көшуіне орай, біз үздік халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, тексеру нәтижелері мен бақылау негізінде ұшу қауіпсіздігін тәуекелдерін анықтау және жоюға бағытталған

«Адам өмірі бәрінен жоғары» бағдарламасын толығымен жүзеге асыратын боламыз», — дейді Питер Гриффитс.

Қазірдің өзінде аптасына 590 рейс жасайтын ішкі 45 бағыт қалпына келтірілген. Халықаралық бағыттар бойынша 14 мемлекетке аптасына 40 маршрут бойынша 118 рейс ұшып шығады: Түркия, Корея, БАЭ, Беларусь, Украина, Германия, Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Египет, Ресей, Грузия, Тәжікстан, Мальдив және Шри-Ланка.

Қазақстанның азаматтық авиация комитеті таратқан ақпаратта «алдағы уақытта республика аумағында жолаушы тасымалдайтын компаниялардың бәріне ортақ бірыңғай қауіпсіздік талабы енгізіледі. Қазір қолданыстағы заңға отандық және Еуропа одағы аумағына ұшатын шетелдік әуекомпанияларға арналған өзгертулер әзірленіп жатыр» делінген. Сондай-ақ ИКАО (Халықаралық азаматтық авиация ұйымы) аудитін өткізу және одан кейін 2023 жылдың соңына дейін САТІ санатын алу үшін

ФАА (АҚШ азаматтық авиацияның Федералдық басқармасы) аудитін өткізу жоспарланған. Оған өтініш беру мерзімі COVID-19 індетіне байланысты кейінге шегерілген.

ЗАНБҰЗУШЫЛЫҚТАР ШАМАДАН ТЫС КӨП

2020 жылы еліміздің авиация саласына 458 инспекциялық тексерістер жүргізіліп, соның барысында бес мыңнан астам занбұзушылық анықталған. Ал алдындағы жылы Бас прокуратура республика аумағында 300-ге тарта ұшақтың мерзімі өткен сертификатпен ұшып жүргенін, ал 200 ұшақтың мүлде есепке алынбағанын мәлімдеген болатын. Қазақстан авиациялық әкімшілігінің бас директорының айтуынша, қазір жағдай өзгерген.

«Қазір біз республикадағы әуе кемелеріне берілген лицензияларды түгел тексеріп шықтық. Бұл жұмыстарды ең бірінші тәуекел қаупі үлкен жүк және жолаушы тасымалдаушы ұшақтардан басталды. Олардың техникалық жағдайын, ұшу қауіпсіздігін сараптан өткіздік. Ендігі кезекте әуекомпаниялардың қызметіне қажетті барлық құжатты, сертификаттауды электронды түрге ауыстыру ісіне көшіп жатырмыз. Мұны цифрлау үрдісінде жалғасы деп қабылдау қажет. Ал алдағы уақытта әуе кемелеріне кәсіпкерлердің 10 жылда берілген барлық құжат аудит жүргізілетін болады. Егер сертификат немесе ИКАО-мен келісім болмаған

жағдайда, біз мұндай ұшақтардың ұшырылуына тыйым саламыз», — дейді Питер Гриффитс.

Инспекциялық тексерістердің нәтижесінде құжаттарынан түрлі кемшіліктер табылған сегіз әуекомпанияның қызметі тоқтатылды. Олар: Bek Air, Sigma Airlines, Jet Airlines, JENIS AIR, Phoenix, Qazaq Helicopters, AZEE AIR, MS AIR KZ.

Естеріңізге сала кетейік, 2019 жылы 27 желтоқсанда Алматыда ұшу жолағанын көтеріле бере үйге соғылып, апатқа ұшыраған Bek Air компаниясы ұшағының да сертификаты жоғы анықталған. Ол кезде бортта экипаждың бес мүшесінен басқа 93 жолаушы болған. Апат салдарынан 12 адам қаза тауып, көпшілігі дене жаракатын алды.

Осы оқиғаға байланысты Bek Air компаниясының лицензиясы қайтарылып алынған еді. Дегенмен оқиғаның себеп-салдарын анықтау бүгінге дейін созылып келеді. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов тексеру жұмыстарының ұзаққа созылуын пандемияға байланысты шетелдік сарапшылардың Қазақстанға уақыты келе алмауымен байланыстырады.

Сондай-ақ ұшу қауіпсіздігіне жерүсті инфрақұрылымының сапасы да көп ықпал ететіні белгілі. Қазіргі күні республикада 20 әуежай жұмыс істеп тұрса, соның 12-сі мемлекет иелігінде.

ӘУЕОТЫННЫҢ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ҰШҚЫШТАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ

Енді бір көкейкесті мәселе — әуеотынның құны. Мәселен, Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында әуеотынның бағасы Лондондағы, Дубайдағы, Гонконг пен Мәскеудегі бағадан анағұрлым жоғары. Оған қазақ авиациясының ресейлік отынға тәуелділігі мен жанармайды жеткізіп беруші аралық делдалдардың шамадан тыс көптігі түрткі болған. Соның кесірінен Ресейден келетін әуекеросин Қазақстанға жеткенде 20-30%-ға қымбаттап кетеді. Қазір Қазақстан авиациялық әкімшілігі де, әуекомпаниялар да жанармайды арзандату бағытында жұмыс істеп жатыр. Дегенмен Литва, Латвия және Польша мемлекет-

терінің мысалдарына қарасақ, олар осы нарықтағы ресейлік делдалдардан құтылу үшін бақандай бес жылын сарп еткен. Яғни, ішкі нарықты әуекеросинмен өзіміз қамтамасыз ету үшін бізге де біршама уақыт керек болатыны сөзсіз.

Ал ұшқыштардың жалақысына келетін болсақ, ол жолаушы билетінің құнымен тікелей байланысты, яғни бағасының ішіне енеді. Сондықтан әуе кемесі экипажының жалақысы өскен сайын жолаушылар билетінің құны да арта беретінін ұмытпаған жөн.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанға әуе кемелерін басқару үшін сырттан шақырылған шетелдік ұшқыштар мен командирлер жалақысы жергілікті мамандарға қарағанда 2-3 есе көп. Олар халықаралық бағыттағы әуе кемелерін басқарады. Өйткені қазақстандық ұшқыштарға берілген лицензия шет мемлекеттерде мойындалмайды. Бүгінде республикадағы әуекомпанияларда 2 669 ұшқыш болса, соның 193-і шетелдіктер.

Мәселен, қазақстандық ұшқыштардың айлық жалақысы 6-8 мың доллар аралығында болса, шақыртылған шетелдіктердің жалақысы 7-15 мың доллардың аралығында. Одан төмен жалақыға шетелдіктер келіспейді. Әлбетте, шетелге, оның ішінде Еуропаға ұшып жүрген қазақстандық ұшқыштар да бар, бірақ олар лицензияларын Ұлыбританиядан алып келген мамандар. Олардың жалақысы шетелдік мамандармен бірдей.

Әлбетте, біздің мемлекет отандық әуеиндустрияны өз мамандарымызбен толықтай қамтамасыз етуге мүдделі. Ол үшін ұшқыштар шетелдерге оқытуға жіберудің де, сырттан тәжірибелі нұсқаушыларды шақыртудың да маңызы үлкен. Қазір қазақстандық мамандар шетелдерде біліктілігін жетілдіріп жатыр. Атап айтқанда, Air Astana компаниясының ұшқыштары — Финляндияда, ал диспетчерлері Швециядан оқиды. Мағлұмат үшін айта кетсек, ірі коммерциялық әуе кемесін басқару үшін 6-10 жыл бойы үдемелі бағдарлама бойынша оқу қажет.

ӘУЕКОМПАНИЯЛАРДЫҢ ӘЗІРЛІГІ ЖАҚСАРДЫ

Шетелдік сарапшылардың пікірінше, қазақ әуеиндустриясының жағдайы жылдан-жылға жақсарып келеді. Мәселен, желкеген әуекомпаниялар туралы айтсақ, Air Astana негізгі тәуекелдерді төмендетті: мұз басуға қарсы өңдеуді, әуежайларда қызмет көрсетуді, ұшып-қону жолағының қауіпсіздігін жақсартты, сондай-ақ ұшақтардың құстармен қақтығысу проблемасына айрықша көңіл бөлінетін болды.

«SCAT әуекомпаниясы» АҚ 2030 жылға дейін 20 Boeing ұшағын сатып алуды және пайдалануға беруді жоспарлаған. Әуе тасымалдаушы Шымкент әуежайында әуеотарабын дамыту бойынша кешенді шараларды жүзеге асыруға мүдделі. Сондай-ақ 2021 жылы мұнда терминал құрылысын аяқтап, 2022 жылдан бастап өндірістік қызметтерге толықтай кірісуді көзделіп отыр. Әуекомпания таяу жылдары ішкі және халықаралық сыртқы бағыттарда ұшу жиілігін көбейтуді жоспарлаған.

«Қазавиаспас» АҚ мұның алдындағы жылы жалпы саны 1 726 рет ұшақ ұшырса, соның ішінде төтенше жағдайлар бойынша — 613 рет, санитарлық мақсатында 497 рет әуе кеністігіне көтерілген. Компания 2030 жылға қарай әуе паркін 58 бірлікке арттыруға ойластырып отыр. Биыл төрт Ми-8 тікұшағы пайдалануға беріледі.

Қазақ Air әуекомпаниясы аптасына 22 маршруты бойынша 104 барып-келу сапарын жүзеге асырады. Оның 17-сі коммерциялық және 6-уына субсидия беріледі. Қазақстанның азаматтық авиация ведомствосы жария еткен дерекке сүйенсек, Нұр-Сұлтан қаласында хақты дамыту қарастырылып жатыр. Мұнда өңіраралық ұшуларды шоғырландыру және EASA стандарт бойынша техникалық қызмет көрсету ұйымдастырылатын болады.

Prime Aviation әуекомпаниясы өз қызметінде бизнес-авиацияны дамытуға, ұшу қауіпсіздігі мен мәдениетін арттыруға мейлінше екпін береді.

Қорыта айтқанда, жыл өткен сайын қазақ әуеиндустриясының ахуалы жақсарып келеді деуге болады.

Санымыз 19 миллионға жетті

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

Кенес кезінде, 1950 жылы Қазақстан халқының саны 6 591 600-ге жетті. КСРО ыдыраған тұста, 1990 жылы республика тұрғындарының саны 16 млн 690 мың болды. Одақ күйреген соң немістер, гректер, еврейлер, Кавказ халықтары, орыстар мен украиндер өз атамекеніне оралуға ден қойды. Үлкен иммиграция бастау алды. Содан 1994 жылдан бастап, 8 жыл бойы Қазақстан тұрғындарының саны тек кемумен болды. Салдарынан 1994-2001 жылдар аралығында ел халқы 2,2 миллионға азайып, мемлекетімізде 14,8 миллион адам ғана қалды. Бір жақсысы, 2002 жылдан бері қазақстандықтардың саны тек өсіп жатыр.

«МИЛЛИОНДЫҚ» СӘБИЛЕР ҚАЙДА ТУДЫ?

Қатары қатты азайып қалған қазақстандықтар үшін жана миллиондық асуларды алу — рухтандыратын, еңсе көтеретін жайтқа айналды. 2004 жылғы мамырда Шығыс Қазақстан облысының Бозай ауылында туған Перизат Өскембаева ресми түрде 15 миллионшыны қазақстандық деп таныды. Оның анасы егіз тапты: Перизатпен бірге Бекзат атты ұл бала өмір есігін ашты. Сонымен бірге дәл осы күні бүкіл республика бойынша 599 перзент туылыты.

Келесі миллиондық белеске шығу үшін аттай 6 жылдай уақыт қажет болды. Тұрғындар саны 16 миллиондық межені 2009-2010 жылдар кезеңінде бағындырған екен. Алайда ол кезде соны дауға ұласқан жалпыхалықты санақ өтіп, жауапты агенттік құзырлы органдардың тексеруіне ілікті, онда команда ауысты. Сондықтан статистика мамандары дер кезінде 16 миллионшыны тұрғынды анықтай алмапты. Содан 4 жылдай уақыт өткенде, 2013 жылғы мамырда 17 миллионшы қазақстандық дүниеге келді. Ол Оңтүстік Қазақстан облысының (қазіргі Түркістан облысының) Сайрам ауданының тұрғыны Алтынбек Есқара болатын. Әкесі жеке қосалқы шаруашылықпен айналысады, анасы — мұғалім. Кішкентай Алтынбекке облыс әкімі құлын сыйлады.

Тағы 4 жылдан соң, 2017 жылғы

мамырда 18 миллионшы тұрғын тіркелді. Әрине, бір минут, тіпті секундта бірнеше сәби өмір есігін ашуы мүмкін. Бұл ретте 18 миллионшы азамат ретінде Алматы облысының Талдықорған қаласында дүниеге келген Мұслима Саматқызы белгіленді. Облыс әкімдігі отбасына 3 бөлмелі пәтер беруге уәде етті.

Енді міне, тағы 4 жылдан кейін, 2021 жылғы маусымда 19 миллионшы тұрғын өмірге келді. 3 тамызда оны ел Президенті құттықтады.

«Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында Қазақстан халқының саны тарихи межеге жетті. Алматы облысында дүниеге келген Жәния Азаматқызы еліміздің он тоғыз миллионшы азаматы ретінде тіркелді. Жәния — отбасында төртінші бала. Ата-анасы мен қазақстандықтарды осы қуанышпен құттықтаймын. Бауы берік болсын!» — делі К.Тоқаев.

Өңір басшылығы Жәнияның отбасына 1 млн теңгенің сертификатын, балалар арбасын, ойыншықтар мен бөбек күтіміне арналған жинақтай сыйға тартты. Нәрестенің әпкелеріне смартфон тарту етті.

КЕЛЕСІ МИЛЛИОНДЫҚ МЕЖЕГЕ ҚАШАН ЖЕТЕМІЗ?

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистикасы бюросының есебіне, Қазақстанның 19 миллионшы тұрғыны бұдан біраз бұрын — 2021 жылғы 20 маусымда туыпты.

«19 миллионшы тұрғын ретінде Жәния Азаматқызы анықталды. Жәния Алматы қаласында дүниеге келді. Отбасында 4-ші бала. Туу туралы ақтисіне сәйкес, нәрестенің ата-анасы Алматы облысының Іле ауданына қарасты Чапаев ауылында тұрады. Анасы — Назгүл Көбентаева, 1986 жылы туған. Әкесі — Азамат Нұрғалиев, 1982 жылы туған», — деп хабарлады статистик.

Ведомствоның түсіндіруінше, 19 миллионшы тұрғынды анықтау «барлық демографиялық оқиғаны: табиғи қозғалыс өсімін (тірі туғандар мен қайтыс болғандар арасындағы айырма) және халықтың көші-қон айырымын (еліміздің аумағына көшіп келгендер саны және елден кеткендер саны арасындағы айырма) ескеріп жүргізілді». Әлеуметтік желіде: «милли-

оншы тұрғындар неге көбіне оңтүстік жақтан тандалатынына» қатысты сұрақ туындады. Дегенмен Статбиороның мәлімдеуінше, «кандидатура жалпы республика бойынша тұратын жеріне еш тәуелсіз анықталған».

Жалпы, жыл сайын туатын сәбилер саны 1991 жылғы 353,2 мыңнан былтыр 426,8 мың нәрестеге дейін артты. Туудың жалпы коэффициенті және қарқынның 1 000 адамға шаққандағы туған сәбилер саны айқындалды. Азаттықтың отыз жылдығында бұл көрсеткіш 1991 жылғы 21,5-тен 2020 жылғы 22,8 нәрестеге дейін өсті. Нәтижесінде, биылғы 1 шілдеде Қазақстан халқының саны 19 млн 9,6 мың адам болды.

ХАЛЫҚ БАСЫН ӨСІРУДІҢ БАСТЫ ҮШ ЖОЛЫ

Жоғарыдағы тәжірибені ескерсек, алдағы 4 жылда келесі миллиондық белес бағына ма? Одан ұзағырақ уақыт қажет болуы мүмкін. Еңбек министрлігінің «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» (ЕРДО) АҚ-ның демографиялық болжамына жүгінсек, Қазақстан халқының саны 2030 жылға қарай қазіргіден 11,8% артып, 20,7 мил-

Жыл	Қазақстан халқының саны	Әйелдер саны	Ерлер саны	14-28 аралығындағы жастар саны	Қала тұрғындары	Ауыл тұрғындары
2011	16 440 470	8 515 509	7 924 961	4 483 207	8 973 922	7 466 548
2012	16 673 933	8 632 164	8 041 769	4 436 067	9 127 543	7 546 390
2013	16 910 246	8 751 344	8 158 902	4 376 014	9 277 871	7 632 375
2014	17 160 855	8 876 242	8 284 613	4 293 194	9 433 575	7 727 280
2015	17 415 715	9 002 614	8 413 101	4 206 037	9 837 025	7 578 690
2016	17 669 896	9 128 096	8 541 800	4 099 272	10 035 577	7 634 319
2017	17 918 214	9 249 736	8 668 478	3 995 913	10 331 492	7 586 722
2018	18 157 337	9 366 039	8 791 298	3 900 900	10 509 796	7 647 541
2019	18 395 567	9 482 371	8 913 196	3 830 526	10 698 208	7 697 359
2020	18 631 779	9 597 645	9 034 134	3 765 383	10 938 652	7 693 127
2021	19 009 600	9 720 мыңнан астам	9 160 мыңнан астам	3 739 мыңнан астам	11 151 мыңнан астам	7 728 мыңнан астам

Дереккөзі: Ұлттық статистика бюросы Aikyngazeti

лион адам шамасына жуықтамақ. Бұл ретте орталық болжамынша, 12,7 млн қазақстандық (61,2%-ы) қалада, небәрі 8 миллионы (38,8%) ауылда тұрады.

«Қазіргі жоғары демографиялық көрсеткіштер динамикасы сақталған жағдайда Қазақстан тұрғындарының саны 2050 жылға қарай шамамен 25,4 миллион болмақ. Бұл 2030 жылғыдан 22,7%-ға, ал 2019 жылғыдан 34,3%-ға жоғары.

1992-2021 жылдардағы Қазақстан Республикасы халқы саны



Оның ішінде 16,7 миллионы немесе 65,7%-ы — қалада, 8,7 миллионы немесе 34,3%-ы ауылда тұрады. 2030 жылға қарай Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент мегаполистерінде бүкіл халықтың 27,4%-ы, ал 2050 жылға қарай 36%-ы өмір сүреді», — деп жорамалдайды Еңбек ресурстарын дамыту орталығы.

табу, азаматтыққа қол жеткізу үшін бұрынғы отандастарымыз өзін босқын ретінде жариялағаны жасырын емес. Республикамыз әлемде адам қашатын ел ретінде көрінді. ХХІ ғасырдың басында бұл кері құбылыс бірте-бірте жойылды. Содан бері Қазақстан мемлекеттілігін нығайтты, әлеуметтік-эко-

Халықты көбейтудің басты екі жолы бар: біріншісі — туу көрсеткішін арттыру, екіншісі — өлім-жітімді азайту. Қарапайым қазақстандықтар негізінен бірінші жолға мән береді де, туған сәбилер санын бақылайды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, туу көрсеткішін көтеруге болады, өйткені еселеп арттыру мүмкін емес. Бұл білім деңгейі жоғары, урбанизацияланған елдердің еншісі: қалалықтар шаршы метрлер ауданы шектеулі болғандықтан баланы көп туа бермейді, көбіне екі баламен шектеліп, солардың білімін көтеруге, тәрбиесіне мән береді», — делі Валерия Козина.

Ол халық санын арттыра түсудің үшінші жолын көрсетті: мигранттар есебінен. «Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері сырттан халық ағынын тартуға тырысады. Халық санын тек сәбилер ғана емес, атажұртқа оралған қандастар да толықтырады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 1991 жылдан бері атамекенге 1,74 миллион қандас қайтып келді», — делі демограф.

Қалай болғанда да, демографтар Қазақстан халқы санының өсуіне оптимизммен қарайды, дегенмен, оның қарқынды көңілі толмайды. Мемлекет демографияға дем беретін тын шараларды қолға алса, жеке ұлттық жоспар қабылдаса, жөн болар еді.

Үмітсіз несиеден үміт бар ма?

(Басы 1-бетте)

Нұрлан ҚОСАЙ

ОПЫҚ ЖЕГІЗГЕН ҚАТЕЛІК

Әр несиенің бірі адамның тағдыры. Банкке қаржылай көмекке жүгінген кім болмасын, белгілі бір мақсатты көздеп баратыны рас. Сондай жанның бірі — Жансая Кенжебекқызы. 2019 жылы туған бауырына бизнес жасауға көмектесемін деп ойлаған ол Сбербанк пен Forte bank-тен жалпы сомасы 3 миллион 800 мың теңге несиені алып берген екен. Одан соң сауда алаңын жалға алу үшін Каспий банктен тағы 500 мың алған. Алғашында бал сатқан бауырының саудасы жақсы жүріпті. Осы аралықта ол өзі КМФ қаржы ұйымына тағы 2 миллион 300 мың теңге қарыз алып, оған кепіл болуға Жансая мен тағы бір танысын шақырыпты. Осылайша, бұл жағдайдағы сома 7 миллионға жеткен. Пандемияның әсері бар, басқа да жағдайлар бар, бауырының бизнесі жүрмей, ақыры жабылып тыныпты. Ал аталған қарыз сомасы айналып келгенде Жансаяның мойнына ілінген. Енді бүгінде бүкіл есепшоты бұғатталып, еңбекқасын да ала алмай жүр. Енді күнкөрісі үшін ол сенбі-жексенбі күндері де қосымша жұмыс істеп, ақша табуға мәжбүр.

«Мұның бәрі ақмақтықымнан болды. Енді туған бауырымды сотқа да бере алмаймын. Не несиені төлеттіре алмай ұрысып жүрген жайым бар. Мені ашындыратыны, оған дейінгі несиелерді жауып отырғаным өз алдына, КМФ-тан алған інімнің несиесін де тек менің ғана айлығымнан ұстап отырғаны. Неге тек мен зардап шегуім керек? Өзінен, сосын кепіл болған екінші адамнан да неге ұстамайды?» — дейді Жансая. Қазір іні-келіні бірі құрылыста, бірі аспаз болып жұмыс істейді екен. Бірақ қанша айтса да олар бұл шығындарды бірге көтерісуге құлық танытпай отырған көрінеді. Сотқа бермеуге тырысып, медиацияға шақырса да келіспеген. Енді еліміздегі борышкерлер санын көбейтіп, шарасыз күйде қалып отыр.

ҚАРЫЗДАН ҚАШАТЫНДАР КӨП

Елімізге коллектор ұғымы қаржы нарығындағы өзгерістермен бірге келгені белгілі. Олар — жеке адамдардың түрлі қаржы ұйымдары мен банктердің алдындағы қарызын өндіріп берушілер. Бұл мамандық төңірегінде әлімжеттік жасаушы деген секілді түрлі сыбыстардың да жүретіні рас. Бірақ шындығында олай емес. Олардың барлық іс-әрекеті «Коллекторлық қызмет туралы» заңмен реттеліп қойылған. Яғни, олар тек қана сотқа дейінгі өндіру және борышты реттеумен айналысады. Ал коллектор өндіре алмаған борыш сотқа жолданып, одан кейін атқару құжаты сот орындаушыларына түседі. Бытыр 1 шілдеде жүргізілген міндетті қайта тіркеу бойынша бүгінде елімізде мыңға жуық осындай агенттіктің тек екі жүздейі қалыпты. Солардың бірі — «Сотқа дейінгі өндіру» коллекторлық агенттігі» ЖШС.

«Шындығын айтқанда, қарызын төлеуден қашатындар көп. Олар телефон нөмірін ауыстырып, мекенжайларын өтірік

айтып, уақыт созып жүріп алады. Тіпті, араларында ашықтан-ашық «төлемеймін!» деп айтатындары да жиі кездеседі. Мәселен, біздің қызметкерлер күніне орташа есеппен 300 нөмірге қоңырау шалатын болса, олардың тек 20-30-дайы ғана жауап береді. Ал жана тәртіп бойынша біз әр телефонмен сөйлесуімізді таспаға түсіріп, Ұлттық банкке тапсырып отырамыз. Таңғы 8:00-ге дейін, кешкі 21:00-ден кейін борышкерлерді мазалауға болмайды. Біздің тарапымыздан қорқыту, бопсалау, балағаттау, дөрекі сөйлеу деген атымен жоқ. Біз өзімізден кіші болса да «Сіз» деп сөйлеуге міндеттіміз. Осыны пайдаланып, борышкерлер керісінше дөрекі сөйлеп, коқан-лоққы көрсетіп жатады. Осы тұрғыдан реттеу керек деп санаймын. Енді атқару өндірісінің ауқымын салыстыру үшін айтатын болсам, біздің агенттік маусым-шілде айларында, яғни екі айда ғана 17 мың борышкермен жұмыс жүргізді. Олардың арасында қарызын жылдап төлемей жүргендері де бар», — дейді агенттіктің басқарма басшысы Азамат Әскібай.

Коллекторларды құбыжық санаудың қажеті жоқ. Олардың міндеті біреудің ақ адал ақшасын алып беру ғана. Мезгіл-мезгіл қоңырау шалып мазалағаны болмаса, оларға күш көрсетпек тұрмақ, дөрекі сөйлеуге заңмен тыйым салынған. Керісінше, коллекторлар борышкерлерге түрлі мазмұнда, соның ішінде зани консултациялар береді.

«Біздің барлық ақпарат тегін. Мәселен, қандай жағдайда өсімпұл (пеня) жүреді, несиені қайтадан төлем кестесін жасап толеу мүмкіндіктері деген секілді мәліметтерді береміз. Бізге дейін борышкерлердің аққыл заң кенесіне жүгініп, бізге қарсы аргумент жинаған жағдайлары болған. Бірақ біз оның бәрін шағып, талдап айтып бергеннен кейін, олардың босқа зангерге он-он бес мың теңге ақша төлегендеріне көздері жетті. Одан соң іс сотқа кетсе көпшілігі банктің сыйақысы алынып тасталады деп ойлайды. Ал сотқа кеткен іске сот орындаушының қызмет-ақысы қосылады. Ал олардың пайыздары жоғары екенін өздеріңіз білесіздер. Сондықтан да қай борышты да сотқа жеткізбеуге кенес береміз», — дейді Азамат Серікұлы.

Ұлттық банк тарапынан жүргізілген кешенді жұмыстардың жемісі болар, 2019 жылы коллекторлардың үстінен Қаржы нарығын реттеу және дамуы агенттігіне 353 шағым түскен болса, бұл көрсеткіш 2020 жылы тең жартысына қысқарған. Елімізде коллекторларға қатысты заңды одан да әрі қатайта түсу көзделіп отыр. Егер ол өзгерістер күшіне енер болса, тек телефон байланысы емес, кездесулер де, аудио-видеофиксацияға алынбақ. Коллекторлардың үшінші тұлғалармен — борышкерлердің туыс-таныстарымен байланысуға тыйым салынбақ. Сондай-ақ борышкердің жұмыс берушісіне тек қана электронды пошта арқылы хабарласатын болады.

Көлікті үптеп кететіндер көп

Елімізде автокөліктер төңірегінде шешілмеген мәселелер жетерлік. Соның бірі әрі ең күрмеуі қиыны — көлік ұрлығы. Ұрлықтың осы түрі тереңге кеткендей. Себебі қолды болған көліктердің саны тым көп, одан қалса, көбі сол күйі табылмайды. Яғни, автобарымта қыруар қаржының көзі болып отыр. Ал темір тұлпарды сақтаудың түрлі әдісі болғанына қарамастан, ұрлықтың бұл түрі неге тыйымалы тұр? Жоғалған көліктер не себепті табылмайды?

Мадияр ТӨЛЕУ

АВТОБАРЫМТАНЫҢ ЕСЕБІ

Ішкі істер органдарының ресми дерегіне сенсек, елімізде 1993 жылдан 2020 жылға дейінгі аралықта 75 мың көлік ұрланған. Оның 40 мың соңғы 15 жылдың енішінде. Ал кейінгі 3 жылда, 2017-2020 жылдар ішінде 5,5 мың автокөлік қолды болған. Ең қызығы, осы 5,5 мың темір тұлпардың 2 мыңы ғана табылып, иелеріне қайтарылған. Яғни, жалпы ұрлықтың 37 пайызы ашылған. Жартысынан көбінің, 63 пайызының сол күйі беті ашылмай қалыпты. Бұл қылмыстың бір бөлігі ғана. Біз ұрлау жағын айттық. Айдан кетіп жатқандары қаншама? Негізгі автокөлік ұрлығы қылмыс мақсатына қарай екіге бөлінеді. Біріншісі, жай айлап кете салу. Көп жағдайда бұл қолдар тез табылып жатады. Сондықтан ауыр қылмыс түріне жатқызылмайды. Екіншісі, көлікті сатып, пайда табу үшін ұрлау. Мұндай кезде автокөліктің құнына байланысты орта не аса ауыр қылмыс түрі қарастырылады. Табылмай кететін де осылай ұрланған көліктер екен. Биыл да жағдай онып тұрмағанда ұқсайды. Жыл басталғалы көлік ұрланғаны, осы қылмыс түріне қатысты топтар ұсталғаны жайлы ақпараттарды жиі оқып жүрміз. Демек, көлік ұрлығы тыйымды деуге әлі ерте. Әсіресе, Алматыда автобарымтаның қарқыны қатты. Қалада биыл алғашқы 6 айда 106 көлік ұрланып, соның 104-і табылған екен.

ҰРЫЛАДЫҢ АЙЛАСЫ ҚАНДАЙ?

Ұрлық жасайтындардың айласы сан түрлі. Көбінде әртүрлі көлік маркаларын ашуға арналған арнаулы киттер болады-мыс. Әуелі жана көліктің шамағандығы сериялық нөмірін қолды қылады. Кейін дәл сол маркадағы, дәл сол түстегі ұрланған машинаға көшіріп басатын схема белең алған. Осыдан келіп «егіз машиналар» деген ұғым шықты. Бір елде бір сериялық нөмірмен осы тәрізді екі көлік жүруі мүмкін. Мұндай көліктер қазір ішкі нарықта ғана емес, Еуразиялық экономикалық одақ кеңістігінде де оңай сатыла береді. Ал көліктің заңды иесінің құқығы тапталып жатқанымен ешкімнің шаруасы жоқ.

Қантар айының соңында Парламент Мәжілісі отырысында көлік ұрлығы мәселесі күн тәртібінде көтерілген еді. Депутаттар сол кезде елімізде ұрланған көліктердің барлығы жоғарыда айтқан «егіз машиналар» әдісімен ГМД елдеріне сатылып жатқанын айтқан болатын. Шекара ашық, мүмкіндікті пайдаланып ұрлықшылар бір елден келесі елге көліктерді сапырылып отыр жөнелте



береді. Бірақ қызырлы органдар қылмысты ашып, өзге елде жүрген автокөлікті тапқанымен, оны өзімізге қайтару қиынның қиыны екенін айтты. Бұл процесс бірнеше жылға созылуы мүмкін. Мысалы, ГМД-ның өзге мемлекеттерінде 2005 жылдан бері ұрланған 200-ден астам ғана қазақстандық көлік әрең табылған. Оның тек 30 пайызы қайтарылған. Сол жында Ішкі істер министрлігі ГМД елдері арасында ұрланған көліктерді анықтап, оларды қайтару туралы келісім-хаттамаға өзгеріс енгізу жайындағы заң жобасын Парламент талқылауына өкелген еді. Кемшілік өзге елге сұрау салу қақында екен. Мәселен, еліміз өзге елдерге ұрланған көліктер жайында сұрау салады, дегенмен ол сұраудың жауабы мүлде келмеуі де мүмкін. Биылдан бастап сұрауға жауап беруіне бір ай уақыт берілетін болып келісілген. Ал келен орындарымен ақпарат алмасу нәтижесінде автокөліктің бір жыл бойы сұрауы болмаса, автокөлік сол елде қала беретін болмақ.

Айтпақшы, мүлде есепте жоқ көліктерге сериялық нөмір басып, автосактандыруға тіркеп, артында көлік бүлінді деп ақша алу схемасы да бар. Бұның бәрі айналып келгенде жеке мәліметтердің тым ашық, оңай ұрланып екені айтпаса да түсінікті. Өңгіме көліктердің VIN кодына қатысты. Көбіне ел арасынан көлік ұрлаушылар қылмысын тікелей полиция қызметкерлерімен ұйымдасып іске асырады деген сөздерді естіп жатамыз. Мұны жоққа шығара алмаспыз. Себебі жаңағы айтқан көліктердің сериялық нөмірлер базасы Ішкі істер органдарының қолында. Оны кім таратқанын білу шындығында қызық. 2017 жылы мамыр айында Қарағанды қаласының тұрғыны И.Н.Калашников есімді азаматтың 27 миллион теңге тұратын көлігі ұрланды. Кейін ұрланған азамат табылған. Бір қызығы, көлікті қолды қылған Т.А.А. есімді азамат Астана қаласының Ішкі істер департаментінде жедел уәкіл лауазымында болған екен. Бұл жаңағы күмәнді арттыра беретіні анық.

Жоғарыда көліктердің шекарадан оңай асып жатқанын айттық. Осы тұста шекарадағы тексерісті де күшейткен жөн тәрізді. Себебі еліміздің шекара аумағында жекелеген адамдарды тексеру процесі жақсы жетілген. Алайда көліктер оңай өткізіледі. Әр көліктің сериялық нөмірін тексеріп, тарихын зерделейтін арнайы жүйе қарастырылмаған. Оның үстіне, ұрланған көліктер жайлы мәліметтер базасы шекарашыларға болмайды екен. Соны кесірін ұрланған көлік елден елге еркін шарлап тұр. Ішкі істер министрлігінде «Бағдар» атты тетік бар.

Көбіне үлкен қалалардың кіреберісіне қойылған. Жилілігі жоғары камера ұрланған көлікті жарты шақырымнан біліп, дереу шлагбаумды автоматты түрде жабады. Осы тетіктің шекара маңына қойылуына қызық-ақ.

Көлік ұрлаушыларға жаза да тым жеңіл секілді. Қылмыстық кодекстің 200-бабында автокөлікті заңсыз аядап кеткені үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Бұл баптың 1-тармағы бойынша қылмыскерді 2 жылға дейін ғана жазаға тартуға болады екен. Ал 188-бап бойынша өзгені мүлкін ұрлау болып саналса, 2 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығын шектеліп немесе сотталды.

САҚТАНСАҢ ДА, САҚТАНУ ҚИЫН

Қазір автокөлікті ұрлап кетуден 100 пайыз қорғайтын бір де бір құрылғы жоқ. Оның үстіне, қылмыскерлер сатылымдағы құрылғының қыр-сырын әбден зерттеп, ментеріп алады екен. Сондықтан мамандар қорғаудың бір емес, бірнеше түрін қатар қолдануға кеңес берумен шектеледі. Көбіне ұрлаушылар ел ішіне өте танымал көлік маркаларын бұзуды жақсы ментерген. Бұл қатарда Lexus пен Toyota бар. Автокөлікке орнатылатын құрылғылардың бірі — iTracker. Кішкентай ғана құрылғы автокөліктің алдыңғы панелінің астына таман орнатылады. GPS жүйесімен қамтылған. Көлік ұрланғанын білген бойда қашықтан бұғаттап тастау мүмкіндігі бар. Бірақ трекерді жұлып тастаса, ұялы байланыс желісін өшіретін арнайы жабдық қолданса ол да қауқарсыз.

Ал сақтандыру компанияларының жөні басқа. Қазақстанда олар «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру» туралы заң және өзге де құқықтық-нормативті актілер аясында реттеледі. Яғни, бүгінде көлігін сақтандырған адамның құқығы заң жүзінде қорғалған. Дегенмен міндетті сақтандыру жөнінен ұстап тұрған шағын өтеді. Мұнда тиімдісі — ерікті сақтандыру. Көлік ұрланып, табылмаса өтемақы төленеді. Бірақ оның да түрлі талаптары бар. Кей компания алауда ұрланған көлік үшін өтемақы төлеуге келіспейді.

Қорыта айтқанда, көлік ұрлығы әлі күнге дейін дендеген қылмыс болып тұр. Мәселеге келгенде, көлік жайлы мәліметтер базасының тым жұпны кейіпте екенін аңғардық. Кім көрінген сәл тырысса қалаған дерегіне қол жеткізе алатындай. Оның үстіне, көліктердің табылуына Ішкі істер органдары жұмысының шикілігі мен тым бау болуы да себепші. Ал ұрланған мыңдаған көліктің иесі мүлкінің ақысын кімнен сұрамақ?

«Ордалы отыз іс» — Тәуелсіздікке тарту

Қарағанды облысында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Ордалы отыз іс» жоспары аясындағы жұмыстар жүйелі түрде атқарылып жатыр. Бұл туралы Қарағанды облыстық Өңірлік коммуникациялар қызметінің тікелей эфирінде өткен баспасөз мәслихатында Қарағанды облыстық Ішкі саясат басқармасының басшысы Ерлан Құсайын кеңінен мәлімдеді. Ал жалпы Қарағанды облысында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай іс-шаралар жоспары құрылып, жоспарға 187 іс-шара енгізілген. 2021 жылы халықаралық деңгейде — 5, республикалық деңгейде — 6, облыстық деңгейде — 13, қалалық және аудандық деңгейде 163 іс-шара жоспарланған. Жыл басынан оқиғалар қатары әр ай бойынша 12 тақырыптық бағытты қамтиды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

ҚАСЫМҒА ҚҰРМЕТ, ӘЛІМХАНҒА ІЗЕТ...

— Басты мақсат — қоғам үшін оқиғалардың мәні мен тиімділігіне баса назар аудару және халықтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға арналған шараларға басымдық беру.

Дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың 110 жылдық мерейтойына орай «Қасым әлемі: поэзия, тұлға, тарих» тақырыбында онлайн семинар, Қарағанды университетінде «Қасымтанудың қазіргі мәселелері» атты халықаралық дөңгелек үстел өтті. Алдағы «Қасым» үйінің ашылуы қарағандылықтар үшін ерекше тарту болмақ. Сонымен бірге, қазақтан шыққан тұңғыш математик, профессор, Ә.Ермековтің 130 жылдығына орай оқушылар арасында математика пәні бойынша облыстық олимпиада, Қарағанды техникалық университетінде «Әлімхан Ермеков және қазақстандық мемлекеттік-тіліктің қалыптасуы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Аталған конференция аясында Қарағанды техникалық университетінде Ә.Ермековке арналған оқу залы және



арнайы бейнесі белгіленген тақта орнатылды. Ала жұмыла атқаратын шаралар бар, — деді Ерлан Бейсембайұлы.

АЛАШ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ...

Қарағанды қаласында жүректі Алаш деп соққан Ә.Бөкейханның — 155, Ж.Ақбаевтың — 145, Ә.Ермековтің 130 жылдығына арналған «Алаш ансаған азаттық» тақырыбында республикалық дөңгелек үстел өтсе, дәстүрлі облыстық наурызайтыста Алаш Орда қайраткерлерінің құрметіне арналған. Республикалық «Тарихтан тағылым — өткенге тағзым» ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Сонымен қатар басқарма басшысы қыркүйек айында Әліхан Бөкейханның — 155, Жақып Ақбаевтың — 145, Әлімхан Ермековтің 130 жылдық мерейтойына орай «Ақтоғай және Алаш» атты ғылыми-танымдық конференция өтетінін, конференция аясында Ақтоғай ауданы, Шабанбай би ауылдық округінде Әліхан Бөкейханға арналған ескерткіш ашылатынын тілге тиек етті.

Тағы бір жақсы жаңалық, биыл басталған Әліхан Бөкейхан есімін Октябрь ауданына беру жұмыстарының Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында толық аяқталатынын

айтылды. Бұдан бөлек, республикалық «Тәуелсіздік: Сөз бен Сурет» онлайн байқауы, «Сарыарқаның көшпелі мәдениеті» фестивалі сынды бірегей жобалар ерекшелігін қоғамға, ұлттық санаға пайдалы сөз болды.

МҰРАНЫ САҚТАУ — ПАРЫЗЫМЫЗ

Бүгінде тарихи-мәдени мұраны сақтауға үлкен мән беріліп келеді. Оған арнайы жоспар құрылып, жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Барлығы — 245 млн 972 мың теңге қаражат қарастырылған. 2021 жылдың шілде-қазан айлары аралығында Орталық Қазақстанның ежелгі металлургиясына (Алат), Едірей қонысына (Қарқаралы ауданы), Белағаш қорымына (Бұқар жырау ауданы) және Алтын Орда және Қазақ хандығының жерленген жерін анықтау бойынша (Нұра және Ұлытау аудандары) археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Бытырғы археологиялық қазба жұмыстары кезінде Алтын Орда кезеңінің ескерткіші «Болған ана» кесенесінен алтын тостаған, тасы бар қос сырға, алтынмен кестеленген киімнің және ийел етігінің фрагменттері табылған еді. Зерттеу жұмыстары аяқталған соң, «Болған ананың

антропологиялық кескіні-келбеті (антропологиялық) және табылған киімдердің фрагменттері қалпына келтірілгеннен кейін, Болған ананың балауыздан жасалған мүсіні Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейіне қойылмақ.

Сондай-ақ Талды тарихи-археологиялық паркідегі Нұраталды 1, Ақкөзең, Талды 1 қорымдарына және ежелгі тұрғындарының антропологиялық бейнелерін жасау үшін ғылыми зерттеу және қалпына келтіру жұмыстары ұйымдастырылып жатыр.

«ЖОШЫ ХАН» КЕСЕНЕСІ АШЫЛАДЫ

Осы жылдың басты оқиғасының бірі — ұлт ұясы Ұлытауда ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында «Жошы хан» тарихи-мәдени кешенін ашу. Ол іс-шараға Мемлекет басшысының қатысуы жоспарланып отыр екен.

— Бүгінде барлық құрылыс жұмыстары аяқталды. Нысан 2021 жылдың 29 маусымы қабылдау актісімен пайдалануға қабылданды. Әділет органдарында нысанды тіркеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Кешеннің ішкі безендірілуі ғылыми тұжырымдама мен ішкі интерьер дизайн жобасына сәйкес жүргізіледі. «Жошы хан» тарихи-мәдени кешеніндегі құрылыс жұмыстарының аяқталуына байланысты жоспарға сәйкес 2020 жылы ашылуы болған жоқ. Себебі құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде жобалау-сметалық құжаттамада ескерілмеген жұмыстардың қосымша түрлері мен көлемдері анықталып, жобаның айтарлықтай қымбаттауына алып келді. Тиісті рәсімдер жүргізілген соң (жоспардан тыс мемлекеттік аудит, ЖСҚ түзету және мемлекеттік сараптамадан өткізу) осы жылы жұмыстарды аяқтауға облыстық бюджеттен 752,8 млн теңге бөлінді. Жоба бойынша құрылыстың жалпы құны 2 081 281,53 мың теңге болған. Шарт жалпы сомасы 1 960 686,0 мың теңгеге жасалды, — деді басқарма басшысы.

«ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕР МАРАФОНЫ»...

Қанына сіңген қайырымдылық қасиеті ел басына күн туса да ұмыт қалмаған. Республикалық жалпыұлттық «Қайырымды

істер марафоны» жобасы жыл басынан бері 21 233 адамды қамтыған. 2 642 іс-шара жүзеге асырылып, қолдау көрсетілді. Қарияларға, жалғызбасты аналарға, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға қыс-көктем айларында отын берілді. Үйдің айналасы қардан тазаланды. Азық-түлік себеттері берілді.

Бытырдан бері аймақтағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты елдің қанашыр азаматтары, ірі кәсіпорындар, кәсіпкерлер, меценаттар және қанашыр азаматтар жалпыұлттық «Қайырымды істер марафоны» аясында өкпені жасанды желдету аппараттарын және басқа да қажетті медициналық жабдықтар сатып алып беруде. Осы іс-шараға үлес қосқан волонтерлердің жанкешті еңбегін де атап өтуіміз керек.

Бүгінде облыста 97 волонтерлік ұйым мен топ бар. Оған 7 мыңға жуық тұрғын тартылған. Басым бөлігі — жастар.

«Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық жобасы аясында Қайырымды ұйым ақциясы өткізіліп, 137 балаға жалпы сомасы 5 млн теңгеден астам қаражатқа көмек көрсетілген.

«Ел тірегі — Елбасы» акциясы аясында да осы жылдың 5 айында 23 тонна азық-түлік, 769 жеке қорғаныш жиынтығы тартылды. Ақцияға облыстың 1 500-ден астам волонтері қатысқан.

— Біргеміз: Таза Алаш бағыты бойынша «Таза табиғат» ұлттық жобасы негізінде облыста Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған Jasyl Aimaq экологиялық акциясы ұйымдастырылды. Жалпы, Қарағанды облысы бойынша жыл ішінде 5 000-нан астам іс-шара жүзеге асырылды. 2021 жыл бойынша БАҚ-та 5 431 материал, оның ішінде, баспа басылымдарында — 828, телеарналарда — 287, интернет-ресурстарда — 397 және әлеуметтік желілерде 3 919 ақпарат жарияланды.

Байқасак, жоспарланған іс-шараның бәрі қоғамға нақты пайдасы бар, халықтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға бағытталып отыр. Бұл біздің сөзден іске көшкенімізді білдіреді, — деді Қарағанды облыстық Ішкі саясат басқармасының басшысы.

Брифинг барысында Ерлан Бейсембайұлы қойылған сұрақтарға жауап берді.

Қарағанды облысы

Стационарда маман тапшы болмай ма?

Тамыз айынан бастап індетпен күресіп жатқан дәрігерлерге төленетін үстемеақы екі есеге қысқарды. Қазаннан бастап мүлде төленбейді десеңіз. Үкімет «дәрігерлерді қолдаудың өзге шаралары енгізіледі, эпидемиологиялық жағдайға тәуелді болмайды» десе де, бұған мамандар сеніңкіремей отыр. Олардың айтуынша, қазірдің өзінде мейірбике мен санитарлар жұмыстан шығып жатыр. Бұлай жалғаса берсе, күзде стационарда жұмыс істейтін дәрігер таба алмай қалмаймыз ба?



Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

Үстемеақының тарихына көз жүгіртсек, қолдаудың мұндай түрі дәрігерлерге өткен жылдың наурыз айынан бері төленеді. Содан бері оларға қазынадан 229 миллиард теңге берілген. Ал 2021 жылдың I жартыжылдығында індетпен қарсы күресте қызмет еткен 27 мыңнан астам медицина қызметкеріне 10,65 млрд теңгеден аса үстемеақы төленген-ді.

Иә, үстемеақы турасында шыққан дау да аз емес. Мегалполис пен өңірлерден «табелге жұмыс сағатын қысқартып жазған», «ақша алмағанымызға бірнеше ай болды» дейтін хабарды әлсін-әлсін естіп тұрдық. Дегенмен үстемеақы алған медицина қызметкерлері бір жасап қалған еді. Өйткені бірінші тәуекел тобында жұмыс істегендер 850 мың теңге, екінші топтағылар 424 мың алса, үшінші тәуекел тобындағылар 212 мың теңге қосымша ақы алды. Енді бұл шырлар екі есеге қысқарып, қызметкерлер арасында толқу басталғаны бар. Жағдайды толыққанды білу үшін індетпен күресте алғы шепте жүрген бірнеше дәрігермен сөйлестік.



Гүлмира ЛИНАТҚЫЗЫ,
реаниматолог:

КӨПШІЛІГІ ҮСТЕМАҚЫҒА БОЛА ЖҰМЫС ІСТЕП ЖҰР

— Индетпен күресте бел шеше жұмыс істеп жүргеніме 1,5 жыл болды. 2020 жылғы 20 наурызда ковид стационарында жұмысымызды бастап, сол жылы 10 қыркүйекте соңғы науқасты шығарып салғанбыз. Алайда 23 желтоқсаннан бастап қайта жұмысқа шықтық. Иә, осы уақыт аралығында ухандық, онтүстікафрикалық, британдық, нью-Йортік штамды бақылап, ем-шара жүргіздік. Қазір «дельта» штампымен күресіп жатырмыз. Мутацияланған бұл штампын инкубациялық кезеңінің өзі күрделі. Мысалы, «ухань» штампында 2-14 күн инкубациялық кезең өтетін. Ал «дельта» штампымен ауырып науқас бірінші тәулікте КТ-ға түссе, өкпесінің 5-7% зақымданғанын көрсетеді. Арада 5-7 күн өткен соң қайта түскен КТ талдамалары өкпесінің 90-98% зақымдалғанын көрсетеді. Одан кейін амбулаториялық кезеңде ем-шара қабылдағандардың жағдайы мез емес. Өйткені бастапқы кезеңде мобилді топ пен жеке клиникаларда емделгендер реанимацияға түскенде жағдайы тіптен қиындап кетеді. Көпшілігі өкпені желдету аппаратына танылады. Міне, осылайша жұмыс істеу бұрынғыдан да қиындап кетті. Оған науқастар мен олардың жақындары тарапынан агрессияны қосыңыз. Мәселен, өзін

«Халық аренадағы» стационарда жұмыс істеп жүрмін. Науқастарға орын жоқ екенін, жетпей жатқанын айтсақ, өзімізге дүрсе қоя береді. Қанша түсіндірсек те, айтқанға көнбейді.

Ал үстемеақы жайына келсек, бұл дәрігерлерді ойландырып қойды. Бәріміз бұйрық шыққанын білеміз. Тамыз бен қыркүйек айында 50% үстемеақы аламыз. Сонда реаниматолог-пульмонолог ретінде 425 мың аламын. Қазан айынан бастап ол да жоқ. Меніңше, бұлай жалғаса берсе, дәрігерлердің дені стационарлардан кетіп, өзінше жұмыс істейді. Индетпен күрес алаңында тең өз ісіне адалдар ғана қалатын сияқты. Өйткені қазір көпшілігі ақшасына бола ковид стационарында жұмыс істеп жүр.

Тағы қосарым, халық вакцинаға бейжай қарамаса екен. Қоғамдық орында бетперде тақпай, қолғап кимей қалаған жеріне барып жүр. Оған қалса, туған күнін, мерейтойын атап өтуге құмар. Бәрін ойын ретінде көріп, ығы-жығы халық автобуска мінеді. Аталған жерлер вирустың жылдам таралуына жағдай жасайтынын түсінбейді. Жұртқа мұның бәрі шынайы, жағдай қиын екенін қалай жеткізерімізді білмейміз. Оның үстіне, қазір ауырып жатқандардың саны көп.



Динара БЕКТАСҚЫЗЫ,
инфекционист-дәрігер:

МАМАН ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ ТУАТЫНЫ СӨЗСІЗ

— Иә, қазір үстемеақы мөлшерін төмендеткен соң медбике, мейіргер мен санитарлар жұмыстан шығып жатыр. Қазан айынан бастап қосымша ақыны мүлдем алып тастаса, маман жетіспеушілігі туатыны сөзсіз. Мысалы, өзін жұмыс істейтін елордалық стационарға терапевтер, ревматологтер, пульмонологтер басқа стационарлардан келіп, жұмыс істейді. Ақша төлемейтін болса, олар келуін тоқтатады. Ал инфекциялистердің жетіспей жатқаны тағы бар. Мәселен, 1 тамыздан бастап үстемеақының 50%-ын төлейміз деген соң бүгін бірнеше санитар мен медбике жұмыстан шығып кетті. Менің ойымша, қазан айынан бастап стационарда жұмыс істейтіндердің саны біршама азаяды. Себебі қазір күнкіріс қымбат, бәрине ақша керек. Дәрігерлерге келсек, қорғаныс киімімен 24 сағат тікесінен тік тұрып жұмыс істеу кім-кімге де оңай емес. Стационарда науқастарға қарау қарапайым халық ойлағандай жеңіл емес. Өйткені бұл көзділігі стационар емес, науқастардың күтімі бөлек. Мысалы, ауыр халде жатқан науқасқа бір ғана дәрігердің әлі келмейді. Жанында міндетті түрде мейіргерлер мен санитарлар жүреді. Кейде бір науқастың өзіне 4-5 адам азық етеді. Оған қосымша түнгі кезекте жұмыс істеп, науқастарға қарайтындар бар.

«Күзде вакцина алғандар көбейіп, мұндай қажеттілік тумайды» дегенге өз басым сенбеймін. Қазірдің өзінде стационарлар жеткіліксіз. Білесіз, күзде тұмаудың өршітін кезеңі. Студенттер мен оқушылар сабағына барып, барыс-келіс көбейсе, вирусты ауыздықтай алмаймыз ба деп қорқамын. Сондықтан бұлай ерте шешім шығарудың жөні жоқ. Қазір коронавирустың төртінші толқыны жүріп жатыр. Бұл толқын басқаларына қарағанда ауыр өтіп жатыр. Науқастар мен дәрігерлерге қиын. Жансақтау бөлімінде жатқан жастар көп. Осыған қарап шарасыз күй шешесің. Өкпені желдету аппаратында жатқан науқастар да жетерлік. Штамдар ауысқан сайын індет өршіп бара жатыр. «Дельта» штамы турасында оқып, біліп жатқан боларсыздар. Тұмауға ұқсас белгілермен басталғанымен, өкпеніңіздің көп бөлігі эп-сәтте зақымдалғанын байқамай қаласыз. Сондықтан өздігінен емделуге кеңес бермеймін.



Вирус өршіген сайын дәрігерлердің жұмысы да қиындап барады. Реанимациялық төсектер бос емес. Сондықтан коронавирус жұқтырған науқастар санының артуына байланысты көптеген салалық аурухана ковидті емдеуге көшті. Ал ковидтен басқа дертке шалдыққандар емнен қағылып жатыр. Сөйтіп, екі ортада дәрігерлерді айыптап жатыр.

Салмақ тағы дәрігерлерге түсті

Жадыра МҮСІЛІМ

Коронавируспен күрес оңайға соққан жоқ. Өткен жаздан бастап ауруханаларда коронавирспен ауырып жатқан науқастар үшін төсек-орын бөліне бастады. Жердел медициналық жәрдем ауруханасы инфекциялық стационарға ауыстырылып, артына аймақтардағы біраз медициналық мекеме, ҰҚК мен Қорғаныс министрлігі, ПМ госпитальдарындағы стационарларда ковидке қарсы күрес бойынша жұктеме алды. Оның үстіне, ауруханалардағы дәрігерлердің біразы ковидке қарсы күреске жұмылдырылды. Ал олардың орнында қалған медициналық қызметкерлердің жұмысы екі есе көбейді. Мәселен, бұрын 4-5 науқасқа жауап беретін дәрігердің мойнында оннан аса адамның денсаулығына жауапкершілікпен қарау жүктелді. Дегенмен ковидке қарсы күреске жұмылдырылған әріптестері секілді үстемеақы алмайды. Сол үшін екі адамның жұмысын қатар алып жүрген қазіргі дәрігерлердің дені коронавирспен ауыратын науқастарды қарауға ауысқысы келетіндерін жасырмайды.

КОВИДПЕН КҮРЕСКЕ КЕТКІСІ КЕЛЕТІНДЕР КӨП

«Бұрын күніне 2-3 науқасты қабылдайтынбыз. Қазір күніне 7-9 науқас түседі. Біз де басқа әріптестеріміз секілді ұйқы көрмей, тәулік бойы науқастармен жұмыс істеп жатырмыз. Бұрын біз тек хирургиялық науқастармен жұмыс істесек, қазір соматикалық аурулармен ауыратын балаларды да қатар алып жатырмыз. Мұндай кезде науқастардың арасында түссінбеушіліктер болады. «Бізге көңіл бөлінбей жатыр» деген сөздер айтылуы мүмкін. Қанша дегенмен қызмет көрсету сапасы төмендейді. Екіншіден, осы үшін бізге үстемеақы төленбейді, медициналық қызметкерлердің ковидпен ауырып жатқан науқастардың қатарын толықтыруға көңілдері ауады. Екі ортада науқастардың денсаулығына кері әсерін береді», — дейді аты-жөнін атамауымызды

Коронавирустан басқа да ауру бар

(Басы 1-бетте)

Мадияр ТӨЛЕУ

КАУІПТІ ДЕРТТЕР ТІЗІМІН COVID-19 ТОЛЫҚТЫРДЫ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының зерттеуіне сенсек, соңғы 20 жыл ішінде адамдар көбіне инсульт, жүректің ишемиялық ауруы, тыныс алу аурулары, неонатальды бұзылулар, қатерлі ісік, қант диабеті, деменция, диарея және бүйрек ауруларынан қайтыс болған екен. 2019 жылы әлемде 55,4 миллион өлім тіркелсе, соның 55 пайызының себебі жоғарыда аталған аурулар болған. Мұндай қауіпті аурулардың тізімін 2020 жылдан бастап COVID-19 толықтырғанын білеміз.

Биыл ДДСҰ мен еліміздің Денсаулық сақтау министрлігінің деректері негізінде адам өмірін сақтандырумен айналысатын Freedom Finance Life мамандары бүкіл әлемде адамдар жиі қайтыс болатын аурулардың рейтингін жасаған екен. Осы тізімге көз жүгіртсек, ең қауіпті бес аурудың көшін қатерлі ісік, коронавирусты, тыныс алу органдары, жүрек дерті мен қант диабеті бастаған. Ал осы аталған 5 аурудың барлығы бізге жат емес, қазақстандықтарды да жамалап жатыр. Мәселен, 2020 жылы қатерлі ісіктен әлемде 10 миллион адам көз жұмған. Қазақстанда жыл сайын қатерлі ісікке шалдыққан 36 мыңға жуық адам тіркеледі. Есепте 190 мыңға жуық азамат тұр. Жыл сайын

онкологиялық аурулардан 14 мыңға жуық отандасымыз қайтыс болады. Ал былтыр тұмау мен респираторлық аурулардан, пневмониядан көз жұмған қазақстандықтардың саны 7 мыңға жуықтаған. ДДСҰ әлемде тіркелген барлық өлімнің 16 пайызы жүрек ауруларынан болғанын айтады. Қазақстанда жүрек-қан тамырлары ауруларынан зардап шегетін 2 миллионнан астам адам тіркелген. Жыл сайын 40 мың қазақстандық инсульт алады. Оның 5 мыңы инсульттан кейін 10 күн ішінде қайтыс болады екен. Жер бетінде қант диабетіне шалдыққан 400 миллион адам бар, оның 380 мыңы елімізде өмір сүріп жатыр.

АУРУ КӨБЕЙГЕНІ САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНЕ ЖАҢА БАҒЫТ КОСТЫ

Көп елде бұл қауіпті ауруларды емдеу міндетті мемлекеттік медициналық сақтандырумен жабылады. Бұл ретте ешкім еңбек ету қабілетінен айырылғаны үшін, шетелде емделгені, трансфер мен күрделі операция үшін өтемақы төлемейді. Сондықтан отбасылық бюджетті қамтамасыз еткісі келетін адамдар өзі ең жақсы деп санайтын ерікті сақтандыруды таңдайды. Сол сияқты Қазақстанда да өмірге қауіпті ауруларға сақтандыру рәсімдеуге болады. Оны пайдаланып жатқандар бар. Мысалы, былтыр елімізде 5 мыңнан астам адам өзіне коронавирустан сақтандыру рәсімдеген. Мұндай ерікті сақтандыруды қатерлі ісік пен жүрек-қан тамырлары ауруларына да рә-



сімдеуге болады екен. Бұрын аурудың атын тілге алмайтын халықта осындай үрдістер шығып жатыр. Өйткені, өмірі үшін қауіптенген әр адамның еркі бар. Мұны теріс пиғылға балауға да болмас.

БҮЛІНГЕН НЕ? ЭКОЛОГИЯ МА, ТАҒАМ БА?

Жер шарын жайлаған түрлі дерттің асқынуына түптеп келгенде ғалымдар ортақ себептердің әсер етіп отырғанын алға тартады. Оның бастысы — экология мен күнделікті тұтыныны тағамдар. Яғни, осы екеуінің бірі бүлінген болса, үлкен кесапаттың бастауы болуы мүмкін. Тағы бір себеп — денсаулыққа дер кезінде көңіл бөлмеу. Мәселен,

елімізде проблемаға айналған, жұрт аты жаман ауру атап кеткен қатерлі ісік ғылымда ағзаның кез келген жерін бүлдіретін 100 шақты аурудың жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Демек, алғашқыда назар салмаған кішігірім дерттер жиылып, соңында осыған апаратын. Қалыпты жасушаның қауіпті клеткаға түрленуіне, ұғынықты тілмен айтқанда, адам бойындағы мутациялық өзгерістен пайда болады. Бұған көп жағдайда негізгі сыртқы факторлар әсер етеді. Ультрақұлгін сәулеленіп өтуі, химиялық қоспалардан шығатын түтін (оған темекі түтіні де жатады), вирус пен бактерия, паразит тұдыратын инфекцияларды жұқтыру. Сондықтан осы

үш фактордан сақтанған жөн екен. Бұдан бөлек, артық салмақ пен қарттықпен де кесірі барлық дерттің оянуына себепші. Дегенмен адамзат қарттықтың даусыз екенін біледі. Ал артық салмақтан сақтануға мүмкіндік бар.

— Мұндай аурулардың себебі өте көп. Күнделікті тыныстайтын ауаымыз, ішетін сусын, жеген тағамымыздың басым бөлігі организм үшін қолайлы бола бермейді. Яғни, жақпауы мүмкін. Ал әрбір жағымсыз әсер ағздан жай кете салмайды. Клеткалық деңгейде өзгерістер болып, дақ қалдырады. Мәселен, ғалымдардың арасында әлі талас бар. Біреу майлы тағам пайдалы десе, біреу зиян дейді.

Кей ғалымдар жүрек пен қатерлі ісіктің ауруын тікелей осы тағамнан көреді. Менің ойымша, әр нәрсенің өз жөні, мөлшері бар. Сол мөлшер сақтауы қажет. Адамның жеген тамағында калория аз болуы мүмкін. Бірақ бастысы, ақуыз 10-15 пайыздан кем болмаса болды. Ал экологияны қалыпқа келтіру қолдан келмейтін тәртізді. Себебі адамзат тіршілік етуі қажет, сәйкесінше өндіріс пен зауыттар бар жерде табиғат та бұзыла бермек. Экология тағам сапасына тікелей әсер етеді. Мысалы, бұзылған қоршаған ортада өскен жеміс-жидек пен зиянды, мал етінін пайдалану сәбилер саны азаймай тұр. Айтпақшы, бүгінде ерлер арасында ең көп кездесетін және ең жиі өлімге апаратын өкпе обьры екен. Өкпе обьрынан қайтыс болғандардың 80 пайызы темекі шеккендер. Бәрін айт та, бірін айт, адамзатқа коронавирспен қатар қауіп төндіріп тұрған кеселдер көп-ақ. Ал оның алдын алу жолы мен емін қарастырсақ та, жалпы дүниедегі ахуалдар оған мүмкіндік бермей тұрғандықтан.

Өкініштісі сол, қазір жаһандық экология күрделі мәселеге айналды. Әрісін қоя тұрайық, елімізде де соңғы жылдары ауа мен судың тым ластанып жатқаны жайлы жиі дабыл қағылып жатыр. Ал табиғаты әбден бүлінген Қызылорда облысы тәртізді аймақтарда қатерлі ісікке шалдықу мен туа бітті дертпен дүниеге келетін сәбилер саны азаймай тұр. Айтпақшы, бүгінде ерлер арасында ең көп кездесетін және ең жиі өлімге апаратын өкпе обьры екен. Өкпе обьрынан қайтыс болғандардың 80 пайызы темекі шеккендер. Бәрін айт та, бірін айт, адамзатқа коронавирспен қатар қауіп төндіріп тұрған кеселдер көп-ақ. Ал оның алдын алу жолы мен емін қарастырсақ та, жалпы дүниедегі ахуалдар оған мүмкіндік бермей тұрғандықтан.

Көрмесен сенбейсің, антиваксер, неге келмейсің?

Қарағанды облысы «қызыл аймақта». Сонда да той тойлаған халық. Антиваксерлер де тыйылар емес. Әлеуметтік желіде жалған ақпарат таратқандардың саны көп. Өз көзімізбен көрмей сенбейтін халықпыз. Сондықтан жұрт білсін деп бір топ журналист Қарағанды қаласындағы Мақажанов атындағы клиникаға барып, жағдаймен танысып қайттық. Ал арнайы жағдайды көрсін деп шақырылған, жалған ақпарат таратушы – вакцинаға қарсылар төбе көрсетпеді.



Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Бүгінде бұл жер коронавируспен ауырғандарды емдеп, ортаға қосып жатқан госпиталь.

Бізді күтіп алған Қарағанды облыстық Денсаулық сақтау басқармасының бастығы Гамаль Токсамбаев:

— Қарағанды облысында коронавируспен ауырған науқастардың саны артып келеді. Ауыр хал-

дардан науқастар жеткізіледі. Өйткені бұл бірінші деңгейлі госпиталь, — деді.

Өз көзімізбен көргендей, жансақтау бөлмелері толықтай жарықтандырылған, арнайы қорғаныш құралдарымен 100 пайыз жабдықталған. Мұнда қазір жеке қорғаныш заттарының үш-төрт айлық қоры бар. Бір жарым жыл бойы жұмыс істеп жатқан медицина қызметкерлері де тәжірибелі. Барлық арнайы құрылған мекемелерде осындай жағдай жасалған.

тар антиваксерлерді де шақырдық. Әлеуметтік желіде ғана «батыр» вакцинаға қарсылар да науқастарды, осындағы маңдай тер төгіп, жұмыс істеп жүрген қызметкерлерді көрсін дедік. Алайда бірде-біреуі келмеді. Халықтан тек білікті де білімді мамандарды айтқанына құлақ асуды сұраймын, — дейді облыстың бас дәрігері.

Расында, есігін ашып кіргеннен басталған тазалық шыққанша тәтті болды. Осындағы дәрігерлер мен қызметкерлер 7-8 сағат киіп жүретін қорғаныш киімдерімен 1-2 сағат жүргенде поропора терге түсіп, еңбектерінің адал екеніне кәміл сендік. Ауыр халде жатқан науқастардың қинағанын көрдік. Сауығып, шыққалы жатқандардың дәрігерлерге айтқан алғысына сүйсіндік. Ал антиваксерлер неге келмеді?

Сонымен бірге коронавируспен инфекциясын жұқтырып, ем алып, бір-екі күнде клиникадан шыққалы жатқан бірнеше азаматты сөзге тарттық.

Әсел РАХМАНОВА: «ВИРУС БАРЫНА СЕНБЕДІМ...»

— Бұл ауруханаға 29 шілде күні түстім. Дене қызуым көтеріліп, жөтел қысып, бойымда әлсіздік пайда болды. Мобильді топ осында алып келіп, КТ-ға түсірді. Екі-жақты пневмония деген диагноз қойды. Мақажанов атындағы ауруханада бәрі жақсы, ем алдым, тамақтары да уақытпен. Екпені, системаны мезгілімен қабылдадық. Шыңдығын айтсам, бұған дейін коронавируспен инфекциясы бар дегенге сенбеген адамның бірімін. «Дәм сезбеу, иіс сезбеу» дегенді айтқан кезде танғалып, бір түрлі қарайтынмын. «Мынау не айттың?», «Манау не айттың?» деп. Вакцина да алған жоқпын. Өйткені оған да сенбедім. Басыма түскенде ғана көзім жетті. Рас, пандемия бар екен. Дәрігерлер көмегісіз олу аурумен күресу мүмкін емес. Айтты ма, ауруханаға жату керек. Үйге шыққаннан кейін әрі қарай дәрумендер ішіп иммунитетімді көтеремін. Өз-өздеріңізді күтіңіздер. Барлықтарыңызды вакцина алуға шақырамын...

Тамара СУШКО: «ВАКЦИНА АЛҒАҒАНДАР ЖЕҢІЛ ӨТКІЗЕДІ»

— Өз басымнан мұндай жағдай өтеді дегенді ойламаппын да. Тамағым ауырды, шайып жүрдім. Емханаға ПТР-тест тапсырдым. Оң нәтиже көрсетті. Жеті күн үйде ем алдым. Дене қызуым түспеген соң арнайы мобильді топты жіберді. Алдында КТ-ға түсіргенде таза болған. Қайталап түсіргенде өкпемнің 40 пайызы зақымданғаны белгілі болды. Дене қызуым 38-ге көтеріліп кетті. Сосын осында жатқызды. Дәрігерлерге айтар алғысым шексіз. Бізге аяңбай қызмет көрсетті. Жасаған еңбектері шексіз. Арнайы киіммен жүрсе де, біздің бабымызды табуға тырысты. Осының арқасында аяғымнан тұрғызды. Бүгін дәрігер менің өкпемнің тазарғанын айтты. Сіздерден сұрайтынмын, вакцина алыңыздар. Вакцина алғандар жеңіл өткізеді. Қызым да бір ауырып тұрды. Ол вакцина алған болатын. Соның арқасында үйде карантинде болып жеңіл өткізді.

Максим НОВИКОВ: «ТАЛАПТАРДЫ САҚТАЙЫҚ...»

— Шілденің 27-сі күні түстім. Қызуым көтеріліп түспей қойды. Басым ауыра берді. Ештеңе де көмектеспей қойды. Вакцина да алған жоқ едім. Өйткені сенбей жүрдім. Осында түскеннен кейін ғана вирус барына сендім ғой. Бүкіл тексерістен өткенде 34 пайыз өкпемнің қарайғаны белгілі болды. Бастапқы кезде ауыр болды. Аппаратқа танылдың. Демалу да қиын еді. Біраз уақыт өтті ғой, қазір жақсы демалымын. Өзімді жақсы сезінемін. Ал бұл вирустың тарағанына бір жарым жылдай уақыт өтсе де, адамдар арасында сенімсіздік бар. Өзі көрмей, ауырмай оларға түсіндіру де қиын. Шынында да, бұл қатты ауру. Сақ болған абзал дегім келеді. Вакцина алған да дұрыс. Барлық талапты орындауымыз керек. Бетперде тағып, той легенді ұмытуымыз керек әзірге. Бұл вирусты қай жерде жұқтырып алғаныңды білмей қаласын...

Қарағанды облысы



де госпитальдарға түсіп жатқан науқастар да бар. Былтырғы коронавируспен пандемиясының бірінші, кейінгі екінің толықтырылған алған тәжірибемізді салып жаттырмыз. Облыс аумағында қазір дельта штамымен ауырып жатқандар көп. COVID-19 пандемиясымен ауырғандарды орналастыру, емдеу үшін бір жарым жыл бұрын осы Мақажанов атындағы клиниканы арнайы госпиталь ретінде қайта құрдық. Мұнда ауыр науқастар жатқан жансақтау бөлмесінде 24, профилидік сауығып қалған науқастарға арналған 120 төсек-орын бар. Бұл госпитальға басқа қалалар мен аудан-

— «Дельта» штамының жайылуы салдарынан ең ауыр жағдайлар да тіркелді. Жаңа ғана көріп шыққан науқастардың арасында вакцина алғандар жоқ. Ал жалпы вакцина алғандар арасында ковидпен ауырғандар бар, бірақ олар ауруды жеңіл өткізеді. Әрі олар амбулаториялық емдеуде болады. Мұнда ауыр жағдайда түскендердің барлығы вакцина алмағандар. Қарағанды облысының жұртшылығын вакцина алуға шақырамын. Өйткені вакцина — вируспен күрестің жалғыз жолы. Ертрек вакцина алсақ, пандемия өршімес еді.

Осында журналистер мен қа-

Шымкентте жол құрылысы жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Бұл — жақсы жаңалық. Дегенмен осы жол құрылысы бірқатар кәсіпкердің кәсібіне кедергі болыпты. Жуырда қаладағы бірқатар кәсіп иесі жол жөндеу кезінде оқшау-ланып, шетте қалып қойған бизнес нысандары жайында шағым айтып «Атамекен» кәсіпкерлік палатасына барды.

Шымкентте жол салу кезінде кәсіпкерлер құқы ескерілмеген

Назғұл НАЗАРБЕК

Кәсіпкерлер, әсіресе Алматы—Ташкент айналымы жолының учаскесінде, сонымен бірге Ақназархан көшесінің екі жағында орналасқан нысандар көлік байланыстарынан толығымен оқшаулануы қалғанын айтады. Мұнда тауар жеткізу немесе сатып алынған затты әртеу үшін көлікті кіргізу мүмкін емес. Құрылысшылармен келісімге келе алмаған кәсіп иесері қайда барып мұның шағырын білмеген. Осылайша, бар үмітті кәсіпкерлер палатасына артып келіп отыр.

— Бір жарым жылдан бері бизнес нысаным жұмыс істемей тұр. Себебі оған жақында мүмкін емес. Көліктердің қозғалысы тоқтатылды, барлық жалға алушылар кетіп қалды. Біз құрылысшылардың алаңды аяқтайтынын шыдамсыздықпен күттік. Енді, міне жұмысымызды жалғастыра алмай отырмыз. «Бізге жол ашып беріңіз» десем, «Өз қаражатыңызға істеніз» деп кетті. 500 мың теңге шығын болатын жұмысты істеуге де дайын едім, алайда жол кейін бас тартты. — дейді бизнес иесі жабылып қалуын сөз алдында тұрған кәсіпкер Қанат Сарбасов.

Кәсіпкер құрылысшылардың тауарлары бар қойма қақпасының дәл алдына жау жүргіншілер өткелін қойғанына наразы. «Мұны неге дұрыс ойластырмаған? Егер ондай өткелді қояр болса, ыңғайлы жер де бар еді ғой, — дейді кәсіпкер. Ол тротуарға көлік қойған жағдайда айыппұлдың да қомақты екенін, бұл жағдайларға ешкімнің жауап бермейтінін айтып күйінді.

«Қосанов» жеке кәсіпкерлігінің де жағдайы маз емес. Жанармай құю бекетінің жұмыс істемей қалғанын айтып, шағымданды. Бұл ретте тапсырыс беруші мердігерге жолды жобалау кезінде автомобиль жолынан кіру қажет болатын бизнес нысаным сызба-

ларда көрсетпегенін атап өтті. Кәсіпкер мердігердің кінасі жоғын, мұның жауабын тапсырыс беруші — Шымкент қаласының Жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасынан сұрау қажет екенін айтады. «15 жылдан бері талапқа сай жұмыс істеп жатқан жанармай құю бекетінің осында орналасқаны жол салу кезіндегі жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезінде назардан тыс қалған. Сөйтіп, кәсіпкердің мүддесі ескерілмеген» деп санайды «Қосанов» жеке кәсіпкерлігінің басшысы.

Алайда жиынға қатысқан Шымкент қаласының жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бастығы Ержан Жолдасов мұндағы кәсіпкерлер барлық мәселені жоққа шығарды. Басқарма басшысының айтуынша, жанармай бекетінің мұнда орналасуы төтенше жағдайлар тудыруы мүмкін.

Алайда «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы жанындағы Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес мүшелері шенеуніктің бұл жауабына қанағаттанған жоқ. Қалағалау органы бұл мәселені зерттеп, қалалық прокуратураға хат жолдау туралы шешім қабылдады.

«Жағдайды зерделеу барысында жол жұмыстарын жобалау және жүзеге асыру кезінде тапсырыс беруші мен мердігерлер жол бойында орналасқан кәсіпкерлік нысандарына кіру-шығу нүктелері мен тұрақ орындарын ескермеген. Осылайша, кәсіпкерлердің жұмысын жандандыруына кедергі келтірген», — делі «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы жанындағы Кәсіпкерлер құқығын қорғау кеңесінің хатшысы Сабира Адамбекова.

Ал билік өкілінен тұшымды жауап есті алмаған кәсіпкерлер ендігі үмітті прокуратурадан күтпек.

Шымкент қаласы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуы ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29 мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алуың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабы ашық конкурс негізінде университет нысандарын газдандыру жұмыстарына сатып алу. **Сатып алуың нысаны болып табылатын жұмыстың басталу және аяқталу мерзімі:** тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап әлеуетті өнім беруші жұмыстарды сметалық құжаттамада көрсетілген уақытта бітіруі тиіс.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұраймыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім беруші тауардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың үлгілерін, каталогтерін немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші ҚКС төлеуші болса, сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚКС қарастыру керек.

6. Конкурсқа қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурсқа жарияланған жалпы сомасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-НСБККЗКХ, ЖСК-КЗ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.

7. Сатып алынатын тауарға кепілдік мерзімі 12 ай болу міндетті. Сатып алынатын «Университет нысандарын газдандыру жұмыстарына сатып алу жұмыстарының» тізімі мен келісімшарт үлгісін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, № 203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 26.08.2021 (15.00)

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты: Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылды, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

Егер Сіз деструктивті діни ағым мүшелерінен зардап шеккен болсаңыз немесе теологиялық, психологиялық және құқықтық кеңес керек болса, Жамбыл облысы әкімдігі «Дін проблемаларын зерттеу орталығы» КММ-нің сенім телефондарына хабарласып, жоғары білімді, білікті мамандардың көмегін алуыңызға болады. **Сенім телефондары: 8(7262)51-50-20, 8 (747) 841- 71-22.**

МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК ЖОБАСЫНА БАСТАМАШЫЛЫҚ ЕТУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мекемесі (бұдан әрі — мекеме) «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі — Заң) 44-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әлеуетті жекеше әріптестік «Түркістан қаласында университет қалашығының аумағындағы белгіленген жерде бірегей үлгідегі 1500 орындық жатақханалар салу және оны пайдалануға беру» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына (бұдан әрі — Жоба) бастамашылық еткені туралы хабарлайды.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік түрі: Жобаны жекеше әріптес қаражаты есебінен МЖӨ объектісін салуды, құрылыс біткен соң МЖӨ объектісін мекеменің меншігіне өткізуді жоспарлайды.

Бюджеттен сұралатын төлемдер мен мемлекеттік қолдау шаралары: Инвестициялық шығындарды өтеу, операциялық шығындарды өтеу.

Жобаның негізгі технико-экономикалық параметрлері: Жоспарланған құрылыс мерзімі — 2021-2023 жылдар.

Объект ауданы: 28750,32 ш.м.
«ҮТЖФЗИ (Тұрғын үй институты)» ЖШС, Қаз НИИСА «Қазақ құрылыс және сәулет ғылымы-зерттеу және жобалау институты» АҚ жасаған 5-7-9 қабатты бірегей үлгідегі 500 орындық жатақханалардың және «Қазақстанская Архитектурно-Строительная Ком-

пания» ЖШС дайындап, оң сараптама қорытындысы алынған 5 қабатты, әрқайсысы 500 орындық 3 жатақхананың жұмыс жобалары негізінде.

Жоба қуаттылығы: 1500 орындық студенттер мен магистранттар жөнедокторанттар жататын жатақханалар. Техникалық күрделі және бірегей жобаларға жатады.

Жобаның мақсаты мен міндеттері: Жобаның мақсаты Түркістан қаласындағы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттері мен магистранттары және докторанттары үшін заманауи үлгідегі 1500 орындық жатақханалар тұрғызу. Студенттер мен магистранттардың және докторанттардың білім алуына және тұрмыстық жағдайын жақсартып ыңғайлы демалуына ықпал ету.

Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге нақты қажеттілік:

Жобаны іске асыру мынадай стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда көзделген: 1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының 8-бабы 2-2 тармағы, Білім және ғылым министрлігінің 18.09.2018 жылғы №464 бұйрығы және осы бұйрыққа 21.12.2018 жылғы №700, 10.01.2020 жылғы №17 бұйрықтармен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар.

Баламалы өтінімді ұсынуың соңғы мерзімі: Баламалы ұсыныстар осы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 60

(алпыс) күн ішінде қабылданады. Баламалы ұсыныстар «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» ҚР Заңының 32-бабында айқындалған әлеуетті жекеше әріптестерге қойылатын жалпы біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс, баламалы ұсыныстар құжаттарының пакеті Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау, жекеше әріптесті аяққындау жөнінде конкурс және тікелей келіссөздер жүргізу, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарының мониторингін жүргізу, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуы мониторингін жүргізу және бағалау мәселелерін қамтитын Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларының 135-тармағына сәйкес құжаттарды қамтуы тиіс және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келуі тиіс.

Байланыстар: Альтернативті ұсыныстар жазбаша түрде келесі мекенжай бойынша тапсырылады: Қазақстан Республикасы, 161200 Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 2-қабат 208-кабинет, 8-(72533)-6-38-48, 8-(72533) 6-36-08, Fax: 8-(72533)-6-38-49, e-mail: info@ayu.edu.kz
Байланысатын тұлғаның аты жөні: Батырбаев Нұрлан Мұхтарұлы, эл.пошта: nurlan_1974@mail.ru

Бокстан алтын бұйырмады



Токио Олимпиадасының он үшінші жарыс күні елімізге үш қола медаль бұйырды.

Алдыңғы қола жүлдені қоржынға бокстан 52 келі салмақта бақ сынаған Сәкен Бибосынов салды. Ол жартылай финалда ұлыбританиялық Галал Яфаймен жұдырықтасты. Үшінші раундта Сәкеннің басымдығы байқалып ақ тұрды. Ал төрешілер болса шешуші сәтте жеңісті ұлыбританиялық боксшының пайдасына жазды. Мұндай шешімді күтпеген британ боксшысының танданып қалғанын да байқалды. Шаршы алаңда көзіне жас алған Сәкеннің халықтан кешірім сұрағаны тағы бар. Сонымен, тартысты кездесу 3:2 есебінен аяқталды. Қазақстан тарапы «Сәкен таза жеңді» деп айтқанымен, төрешілерге арыз түсірген мамандарды байқамады.

Айбике ЖАНАСЫЛ

Жаңбырбай жартылай финалға шыға алмады

Каратеші Мөлдір Жаңбырбай Токио Олимпиадасының жартылай финалына шыға алмады.

55 келіге дейінгі салмақта В тобында өнер көрсеткен Мөлдір Жаңбырбай алғашқы кәсіпқарары мысырлық Сайед Радваны 7:2 есебімен жеңді. Бірақ екінші кездесуінде аустриялық Беттина Планктан 3:4 есебімен жеңіліп, украиналық Ангелика Терлюгамен тең түсті — 4:4. Ал шешуші төртінші жекпе-жекте жапониялық Михо Мияхараға 2:11 есебімен жол беріп, жартылай финалға шыға алмады. Осылайша, биыл Париждегі лицензиялық турнирде 2-орын алған отан-



дасымыздың Токиода жолы болмады.

А.ЖОЛДАС

50 мың теңге жайлы фейк ақпарат тарады

Әлеуметтік желілерде қазақстандықтарға 50 мың теңге мөлшерінде әлеуметтік жәрдемақы рәсімдеуге «көмектесетін» парақша пайда болды. Кейінгі кезде осындай сарындағы парақшалар көбейіп кеткен.



Олар уәде еткен жәрдемақыны алу үшін өтініш беруші арнайы банк есепшотына 3 120 теңге аударуы керек. Stopfake.kz-тің мәліметінше, мұндай жарнама-Өларды жариялайтын парақша көп және бір-бірінен аз ғана ерекшеленеді. Бәрінде пайдаланушыларға 50 мың теңге мөлшерінде әлеуметтік жәрдемақы алуға «100 пайыз кепілдік беріледі». Сілтемені басқанда өтініш беруші telegram-bot-қа өтеді. Онда өтініш берушінен 3 120 теңгені банк есепшотына аударуды сұрайды. Олардың айтуынша, бұл қызметті алу үшін төленген ақы екен. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

министрлігі төлемдер туралы ақпаратты жоққа шығарды.

«Мессенджерлер мен әлеуметтік желілерде таралған 50 мың теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі қызметтер үшін 3120 теңге мөлшерінде төлем төлеу керекті туралы ақпарат шындыққа жанаспайды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстанда қандай да бір төлемдерді міндетті түрде аударуға «байланыстырылған» жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер жоқ екенін хабарлайды», — деді жауапты орган.

А.ЖАНАСЫЛ

Балуандар да қоланы қанағат тұтты

Асыға күткен Токио Олимпиадасының да аяқталуына санаулы күндер қалды. Қоржымымызда 7 қола медаль бар. Алтын мен күміс арманға айналды. Ел болып сенім артқан боксшыларымыздың бағындыра алған бар межесі қос қола жүлде болды. Балуандарымыз да қола жүлдеден ары аса алмады. Дзюдошымыз Елдос Сметов пен еркін күрестен Нурислам Санаев қана әлемдік бәсекеде үздік үштіктен көрінді. 74 келі салмақ дәрежесінде қола жүлде үшін жарыс жолына шығатын Данияр Қайсановтың да жүлдеге қол созатын мүмкіндігі бар. Қалған балуандарымыз Токиого құдды бір турист ретінде барғандай әсер қалдырды.

Абылайхан ЖҰМАШ

Өкініштісі, күрес түрлеріне көп үміт артатын Қазақстан екінші Олимпиада қатарынан грек-рим күресінен жүлдесіз қалып отыр. Токиода белдескен үш балуанымыз да бірінші айналымда-ақ жарыс жолынан шығып қалды. Ал көптеген спорт сарапшылары грек-рим күресінен балуандардың жаттығуына үлкен өзгеріс керек деп есептейді. Токио төрінде жүлдеге қол салар деп сенім артқан балуандарымыз Мейрамбек Айнақұлов, Демей Жадыраев, Нұрсұлтан Тұрсынұов бірінші белдесуден-ақ жеңіліп қалды. Қарсыластарына еш қауқар көрсеткен жоқ. Негізі, аталған спорт түрінде 77 келіде Олимпиада жолдамасын Ахат Ділмұхамедов алған болатын. Бірақ бапкерлер Жадыраевқа сенім артты. Жалпы, күресте Олимпиада жолдамасы жеке спортшыға емес командаға беріледі, ал Олимпиадаға кім баратынын бапкерлердің өздері шешеді. Олимпиада алдында бұл шешім күрес жанкүйерлерінің арасында шу туғызғанын да айта кетейік.

Грек-рим күресінен 2011 жылғы Әлем чемпионатының күміс жүлдегері, әлем біріншілігінің үш дүркін қола жүлдегері Алматы Кебіспаев Токио Олимпиадасындағы нәтиже «елдегі күрес спортының қай денгейде екенін анық көрсетіп берді» деген ойын жеткізді. Осы спорт түрінде балуандарды жарыс жолына бастап барған Қазақстан құрамасының бас бапкері Бақтияр Байсейітов Токиодағы сәтсіздіктің басты себебін атап өтті.

— Команданың Олимпиададағы нәтижесіне қандай даға беруге болады? Әрине, көрсеткіші өте



Еркесулан ДҮЙСЕБОЛТОВ (солдан)

төмен. Біз қателіктермен нақты жұмыс істейміз, өйткені команданың кемшілігі көп болды. Жарыстан соң бір нәрсені түсіндік. Спортшыларға физикалық тұрғыдан ғана емес, психологиялық жағынан да көп қолдау қажет екен. Әрине, командамен бірге лицензия иеленіп, үздіктер арасында сынға түскенімізге қуаныштымын. Өкінішті тұстарым көп. Бірақ дәл қазір ештеңе өзгерте алмаймыз. Жігіттермен бірге жанкүйерлерді алдағы жарыстарда қуантауға тырысамыз. Қазіргі нәтижені айта келе, ешкімді де кінәлағым келмейді. Бұл

Бізге талантты жастарды табу керек. Әрбір сәтті талқылап, стратегиямызды федерация және ҰОК-пен бірлесіп дайындаймыз, — деді бас бапкер.

Еркін күрестен өзінде Нурислам Санаевтың еншісіндегі бір қола жүлде бар. Тағы бір спортшымыз Данияр Қайсановтың жолдамасы үшін таласта екі дүркін Әлем чемпионы, ресейлік Заурбек Судаковпен белдесіп, 11:0 есебімен жеңіліп қалған болатын. Енді Данияр өз салмағында қола жүлдеге таласады. Ал өзге балуандар Татьяна Ахметова мен Юсуп Батырмурзаев Олимпиа-

детқызынан 2:8 есебімен жеңілді.

Тағы бір айта кетерлігі, бұл спорт түрінде кыргыз ағайындар алдымызды орап кетті. Оларда еркін күрестен екі күміс жүлде бар. 62 келі салмақта чемпиондыққа басты үміткер кыргыз балуаны Айсулуу Тыныбекова финалда жапон Юкако Каваидан жеңіліп, Токио Олимпиадасының күміс жүлдегері атанды. Ал ерлер арасында 76 келіде өнер көрсеткен кыргыз балуаны Асқол Махмудов финалдық белдесуде Тамаш Лёрингтен 1:2 есебімен жеңіліп, күміс медальды мойнына тақты. Ол өз еліне 13 жыл күткен Олимпиада жүлдесін алып берді. Соңғы рет Кыргыз елі Олимпиада жүлдесін 2008 жылы алған болатын. Содан кейін екі Олимпиадада жүлде бұйырмады. Өзінде кыргыздар Токио Олимпиадасының 2 күміс, 1 қола жүлдемен біздің спортшылардан алда келеді. Әншейінде «Орта Азия барысымыз» деп мақтанатын Қазақстан құрамасының үздік нәтижесі қаладан аса алмай тұр.

Енді жарыс жолына 50 келі салмақ дәрежесінде Валентина Исламова Люсия Йепезбен (Эквадор) шығалы. Ерлер арасындағы еркін күрес жарысында 65 келіде Дәулет Ниязбеков 1/8 іріктеу кезеңінде кубалық Эрикке Вальдеспен белдеседі. 97 келіде бақ сынайтын балуанымыз Әлішер Ергали 1/8 іріктеу кезеңінде алжирлік Фардж Мохаммедпен шеберлік байқасады. Ендігі үміт осы спортшыларда.

Жарыстан соң бір нәрсені түсіндік. Спортшыларға физикалық тұрғыдан ғана емес, психологиялық жағынан да көп қолдау қажет екен. Әрине, командамен бірге лицензия иеленіп, үздіктер арасында сынға түскенімізге қуаныштымын. Өкінішті тұстарым көп. Бірақ дәл қазір ештеңе өзгерте алмаймыз.

жерде жүйе кінәлі. Бізде тәжірибесі аз жастар көп. Соларды іске қосатын уақыт келді. Енді жастарды бақылаймыз. Оларды жаттығу жынына бұрынғыдай жиі шақыратын боламыз. Коронавирусқа байланысты біз бәрін басын қосып, жаттығу өткізе алмадық. Осы олқылықты реттеу қажет. Жастар тәжірибелі спортшыларға бәсекелестік танытуы үшін жұмыс істейміз.

далағы жарысын әлдеқашан аяқтап қойды. Юсуф Батырмурзаев 1/8 финалдық белдесуде Германия өкілі Геннадий Чудиновичтен, ал Татьяна Ахметова Токио Олимпиадасында алғашқы айналымында Польша өкілі Роксана Засинадан жеңіліп қалды. 76 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде жарыс жолына шыққан Эльмира Сыздықова да алғашқы белдесуінде кыргызстандық Айпері

EXPO қалашығындағы ерекше көрме

EXPO іскерлік орталығының аумағына келушілерге кескіндеме өнерінің ерекше туындылары қойылған. Қырқүйкеке дейін жоспарланған кешенді көрмені QazExpoCongress ұлттық компаниясы АҚ пен Еуразиялық мәдени альянсы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырған.

EXPO қалашығына бара қалсаңыз, дөңгелек қиқымдарынан кескінделген қасқыр, темірден «қашалған» алып ертұрман, декоративті бетоннан құйылған пернетақта назарыңызды аудармай қоймайды. Мұнда отандық және шетелдік суретші, иллюстраторлардың туындылары қойылған. Арасында әйгілі суретші Мұрат Ділмановтың

«Энергетикалық буйволдары», Арыстанбек Шалбаевтың «Махамбеті», Саид Атабековтің «Ертұрманы» бар.

Ерекше туындылар қойылған көрменің ресми атауы — «Заттардың өмірі». Ал бұл көрме аяқталғаннан кейін аумақта Әбілхан Кастеев атындағы музей қазақстандық суретшілердің 1940 жылдан қазірге дейін салған туындыларын көрмеге әкеледі. QazExpoCongress ұлттық компаниясы өкілінің айтуынша, фото көрме тақырыбы үнемі өзгеріп отырады. Ал демалыс күндері балаларға арналған түрлі интерактивті іс-шара өтеді. Іс-шараның бәрі ашық аспан астында өтетінімен қолайлы.

А.ЖОЛДАС

